

ЖШС "Iskakov Trade" мини-центр "Ақбота"



Бекітемін

менгерушісі ЖШС "Iskakov Trade"
мини-центр "Ақбота"

ИСКАКОВА ГУЛНУР ЖАРТЫБАЕВНА

«Алғыр»

мектепалды даярлық тобы

«Өнерлі екен зой он саусақ»

вариативтік компоненттің тақырыптық жоспары.

Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Керекті құралдар	Са ғ ат
1.«Қағаз, қарындашпен таныстыру»	қағазбен майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.	сурет салуға арналған ақ қағаз, түрлі түсті майлы қарындаштар.	1
2.«Түрлі түсті орамал»	Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру.	Демонстрациялық материалдар, орамал	1
3.«Бұлттар әлеміне саяхат»	Балаларға аспан әлемін қағаз бетіне дәстүрден тыс әдістермен түсіру, іскерлік дағдыларын меңгерту, шашырату әдістерін бекіту	Бұлттар суреті	1
4.«Ұзын жолдар»	Балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру	Қызыл, көк түсті майлы қарындаштар, екі түрлі жолақ қағаз, әр балаға арналған жолақ қағаздар, ойыншық қағаздар	1
5.«Әр түрлі түстегі қақпалар»	Қарындашты үш саусақпен дұрыс отырып, ұшын сәл жоғары, қатты қыспай, оң қолымен қағаз бетіне төменнен жоғары қарай, оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен қарай қысқа және ұзын сызықтар жүргізе білуді үйрету	Әр балаға бір-бірден сары түсті қағаз, екі түсті қарындаш, ойыншық аю.	1
6.«Жау- жау жаңбыр»	Сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін іс-әрекетте бере білуге үйрету, қарындашты ұстай білу дағдыларын дамыту	Көгілдір түсті майлы қарындаш, әрбір балаға ақ қағаз (жоғарғы бөлігіне бұлттар бейнеленген) сүрткіш.	1

7.«Табиғат әлемі. Шағылысқан күн сәулесі»	Балаларға алақанмен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету.	Күн сәулесі салынған үлгі сурет, көк түске боялған қағаз, сары бояу қол сүрткіштер, ойыншықтар	1
8.«Қош келдің Алтын күз! Жапырақтар түсуде»	Қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету;	Қызыл, қоңыр гуашь бояу, сары түске боялған қағаз, қылқалам, су, сүрткіш, демонстрациялық материалдар.	1
9.«Жомарт күз: Қызыл,	Ата-аналармен бірлесе отырып алақан арқылы жапырақтың бейнесін салуды	демонстрациялық материалдар.	1

сары жапырақтар»	үйрету	Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті қағаздан жасалған сары, қызыл жапырақтар, қызыл, сары гуашь бояулар	
10.«Түрлі-түсті жіптер»	Фломастерді дұрыс пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету.	3 түсті фломастерлер, 3 түсті жіптер, әр балаға арналған жіптердің суреті салынған парақтар, дымқыл қол сүрткіштер.	1
11.Әжемнің жіп шумақтары .	Балаларды түрлі түсті фломастерлермен жіп ораманың суретін салуға, фломастерді қатты қыспай, қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету	Демонстрациялық материалдар	1
12.«Теңіздер мен мұхиттар. Балықтар жүзеді»	Езілген бояуды жүргізу арқылы қағаз бетін толық бояуға үйрету. Қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту	Әр балаға түрлі-түсті майлы қарындаштың көмегімен салынған балық бейнесі бар парақтар, көгілдір бояу, қылқалам, қол сүрткіштер, су	1
13.«Ғарышқа саяхат. Әуе шарлар»	Қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту.	Түрлі- түсті қарындаштар, үлестірмелі материалдар, қол сүрткіштер. Демонстрациялық материалдар.	1
14.«Жапалақт ап қар жауды»	Саусақ арқылы қардың бейнесін салуды үйрету, саусақтардың бұлшықеттерін дамыту, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Әр балаға бір-бірден көгілдір түспен боялған парақтар, ақ гуашь, су, қол сүрткіштер, демонстрациялық материалдар.	1
15«Ақ ұлпа қарлар»	« Бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету.	Ақ түсті гуашь, жіңішке қылқаламдар, әр балаға көк түспен боялған қағаздар, қол сүрткіштер, су	1
16.«Шырша шамдарын жағамыз»	Жаңа жыл мейрамына байланысты кешті еске түсіре отырып берілген суретті жалғастырып саусақтарымен таяқшаға оралған мақтамен сурет	Түрлі-түсті бояулар, әр балаға арналған таяқшаға оралған мақта, үлестірмелі	1

	салуға үйрету.	материалдағы фон, қол сұрткіштер, су	
17.«Қардағы іздер»	Қағазға саусақпен дақ түсіруді үйретуді жалғастыру, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, жануарлардың қимыл-қозғалысын және іздерін қарға түсіріп жаттығу	Ақ қағаз, қоңыр, көк түсті бояу (гуашь) қылқалам, ойыншық аңдар	1
18.«Мұз сүңгілері»	Үзік сызықты сыздырта отырып кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, баланың қиялын дамыту, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.	Әр балаға сүңгінің суреті салынған парақтар, қылқаламдар,көк бояу, су, қол сұрткіштер.	1
19.«Мұржаның түтіні будақтайды»	Қыс мезгілі ерекшелігін түсіндіру, қарындашпен үзбей ирек сызықтар салу дағдыларын қалыптастыру, саусақтарының қозғалыстарын және икемділігін дамыту.	Әр балаға бір-бірден үйдің суреті салынған парақтар, түрлі –түсті қарындаштар, қол сұрткіш.	1
20.«Мұз айдынындағы іздер»	Берілген фонның үстінен коньки ізін ирек сызықтар арқылы көрсетуге үйрету, ирек сызықтар сызу дағдыларын қалыптастыру, қиялын дамыту, табиғаттың әсемдігін түсіне білуге тәрбиелеу	Әр балаға арналған көкшіл мұз айдыны бейнеленген үлестірмелі материал, жіңішке қылқалам, көк бояу, қол сұрткіштер, су	1
21.«Маймақ маң-маң басады»	Аюдың ізін қарындашпен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету, жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуімен белсенділігін дамыту	Әр балаға бір-бірден аюдың суреті салынған парақтар, қарындаштар, ойыншық аю	1
22. «Машинаның дөңгелектері»	Машинаның дөңгелегін тығын арқылы салуға үйрету;жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін дамыту	Әр балаға арналған үлестірмелі материял, қара бояу, қол сұрткіш.	1
23. «Түрлі түсті моншақтар»	Саусақ немесе бастырма арқылы моншақтар суретін салуға үйрету.	Қуыршақ Айсұлу, түрлі түсті моншақтар, әр балаға сары түспен боялған қағаздар қызыл, сары бояулар, қол сұрткіштер, су.	1
24 .«Үйдің терезесіндегі жарықтар»	Қылқаламмен үзік сызықтарды кеңістікте дұрыс орналастыра сызуды үйрету	Демонстрациялық түспен боялған қағаздар, ақ бояу, қылқалам, қол сұрткіштер, су	1
25.«Торғайларға жем шашамыз»	фломастермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру,қағаз бетіне нүктелерді түсіруге үйрету	Фломастер мен үшкір ұшталған таяқша, торғайлардың суреті, сазбалшық, жем салғыш,	1

		сүлгі.	
26.«Орамалды безендіру»	Қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету	Сары түсті парақ, бастырма, түрлі түсті бояу, сүлгі, су	1
27.«Менің отбасым»	Балаларға отбасы және отбасы мүшелері жайлы түсінік беру.	Қуыршақ Әйгерім, оның әдемі көйлек үлгісі, әр балаға бір-бірден көйлек үлгілері, түрлі бояулар, қол сұрткіштер, су.	1
28. Әжемнің өрнектері.	Түрлі түсті бояуларды пайдаланып текеметті безендіруге үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту	Әр балаға бір-бірден текемет үлгілері, қызыл, сары бояулар, қол сұрткіштер, су.	1
29. Түрлі түсті сақиналар.	Қол, саусақ қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету, бояу түстерін ажырату дағдыларын қалыптастыру	Ұлттық киім киген қуыршақ Айсұлу, түрлі түсті сақиналар, қызыл, сары бояулар, қол сұрткіштер, су, ақ қағаз.	1
30. Жылғалардан су ақты.	Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру; қылқаламмен ирек сызықтар сызуды жалғастырып, бояуды үйрету	Демонстрациялық материалдар, көктем мезгілі бейнеленген суреттер	1
31. Құстар сайрайды.	Балаларға шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы салуды үйретуді жалғастыру; шөпті бейнелегенде оның толық; бетті қамтуын қадағалау;	Демонстрациялық материалдар.	1
32. Шөптегі қан қыз.	Балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін, әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрете отырып, бояумен жұмыс істеу біліктіліктерін жетілдіру	Демонстрациялық материалдар	1
33. Егістіктегі бақбақтар	Балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін, әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрете отырып, бояумен жұмыс істеу біліктіліктерін жетілдіру	Демонстрациялық материалдар	1
34. Мерекелік отшашу.	Мерекелік отшашудың әдемілігін сурет арқылы жеткізуге, отшашудың суретін салуға үйрету	Әр балаға құм салынғаныдыстар, қол сұрткіштер.	1
35. Қошақандарға шөп береміз.	Жасыл түсті пайдалана отырып шөптердің суретін салуға үйрету;	Әр балаға құм салынғаныдыстар, қол сұрткіштер.	1
36. Доптар.	Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда салуды үйрету;	Әр балаға құм салынғаныдыстар, қол сұрткіштер.	1

1. Күні: 2.09.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Қағаз, қарындашпен таныстыру»

Мақсаты: қағазбен майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Көлденеңінен, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Зейінділікке, қабілетін дамыту.

Үстелде дұрыс отыра білуге және еңбек етуге тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: сурет салуға арналған ақ қағаз, түрлі түсті майлы қарындаштар.

Қостілділік компонент: қарындаш- карандаш, қағаз-бумаға.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші: балалардың назарын өзіне аударады.

-Қазір мен сендерге ертегі айтып беремін.

Ерте ерте ертеде...

Бір қорап өмір сүріпті.

Ол, міне, мынадай екен (қорапты көрсетеді).

Сырты қандай әдемі безендірілген (сыртқы суретіне тоқталып өтеді де), оның ішінде не бар екен?

Ертегіні тыңдайды.

Өздерінің көңіл-күйлерін білдіреді.

Қорапты қозғалтып, ішіндегі қарындаштарды (тықырлатады).

-Тыңдап көріңдерші, бұл қорап ерекше, сиқырлы қорап болды.

Өйткені, ішіндегі таяқшалар да сиқырлы көрінеді.

Кәне, ашып көрейік, -деп майлы қарындаштарды жартылай ашып көрейік, -деп майлы қарындаштарды жартылай ашып көрсетіп, бұл таяқшалардың түстері де сан алуан екен. (Қызыл және қара түсті қарындаштарды алып, балалардан олардың қандай түсті екенін сұрайды).

(Қағазбен таныстырғанда ақ қағазды көрсете отырып келесі сұрақтарды қояды).

-Мынау не? Түсі қандай?

Қарындашты қалай ұстау керектігін көрсетіп, 2-3 рет ауада сызық жүргізеді.

-Осы сызықтарды енді алдарыңдағы ақ қағазға түсіріп көріңдер.

-Енді бұдан былай сурет салу бөлімінде қағаз бен майлы қарындаштарды пайдаланып, әртүрлі суреттер салып үйренеміз. Қарындаштарыңды жинап орнына қойыңдар.

Қарындаштарын жинатады.

Қағаздарды педагог жинап алады да, қарындашпен салынған суреттерді балаларға көрсетіп, әрқайсысын бағалап әңгімелейді.

«Өз түсінді тап!» ойынын ұйымдастырады.

Сызықтарды көбірек сызып, ойын жаттығуларды орындайды. Ауада 2-3 рет саусақтармен сызықтар жүргізеді. Әр бала өзінің қарындашының қандай із түсіргенін түсіндіріп айтады. Сызықтарды батыл, дұрыс түзу сыза білуге жаттығады, бірнеше рет сызықтар жүргізеді.

«Өз түсінді тап!» ойынын ойнайды.

Рефлексиялық -түзетушілік

Балалар жұмысқа кіріскенде аралап,

іс-әрекетіне басшылық жасап, бағыт беріп, жұмыстарын мадақтап, сабақты аяқтайды.

Балалар бір-бірінің жұмыстарын қарап өздерінің еңбектеріне назар аударады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: майлы қарындашпен сурет салуға болатынын.

Игереді: қағаз, майлы қарындаш туралы және онымен іс-әрекет жасау туралы түсініктерді.

Меңгереді: қағаз, майлы қарындашпен жұмысты, жұмыс істеу дағдыларын, ұқыпты еңбек етуді

2. Күні 9.09.21 ж _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екен ғой он саусақ»

Тақырыбы: «Түрлі түсті орамал»

Мақсаты: Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді қылқаламмен бояу арқылы эстетикалық талғамының дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі-құралдар: демонстрациялық материалдар, орамал.

Оқу қызметінің барысы:

Психологиялық сәт: «Күн сыйлаймыз»

Балаларға бір-біріне жылы сөздер айтқызу.

Тәрбиеші орамалды иығына жауып, балалардан нені жамылып тұрғаны жайлы сұрайды:

-Балалар, бұл не?

-Түсі қандай?

-Орамал әдемі ме?

-Неге орамал дейміз?

Ұйымдастыру-шылық -ізденістік

Тәрбиеші балаларға ұсыныс жасайды:

-Сендер маған осындай әдемі орамалдың суретін салып беріңіздерші. Өйткені біздің аналарымыз, әжеміз оны тағады. Өз аналарыңа, әжелеріңе арнап орамалдың суретін салуға болады.

Орамалдың салыну жолдарын түсіндіреді.

Балаларға қиылған шаршы ақ қағаз ұсынылады, тәрбиеші оның шеттеріне түзу сызықтар жүргізу үшін нүктелер белгілеп қояды, балалар сол нүктелерді қарындашпен жоғары бөлігін екі сызықпен жоғарыдан төмен қарай сызып қосып алады. Енді ортасына қылқаламмен дөңгелек салып, оны бірден бояйды. Балалар қалаған түстерін таңдайды.

Билингвальды компонент: орамал- платок

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз

Қылқаламды қоямыз.

Бір отырып, бір тұрып

Біз серігіп аламыз.

Балалар орамалды салып беруге келіседі. Қалай салу жолдарын көреді, берілген суреттің үстінен жүргізіп, салу жолдарын қайталайды.

Орамалдың шеттеріндегі шашақтарын қысқа сызықтармен салады.

Ортасына кішкене дөңгелектерді қылқаламмен сол жақтан оң жаққа қарай сақтай отырып салады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : орамалдың не үшін қажет екенін

Игереді : шаршы пішінді орамалды әшекейлеуді

Меңгереді: бояуды біркелкі тегіс жағуды

3. Күні 16.09.2021ж. _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Бұлттар әлеміне саяхат»

Мақсаты: Балаларға аспан әлемін қағаз бетіне дәстүрден тыс әдістермен түсіру, іскерлік дағдыларын меңгерту, шашырату әдістерін бекіту. Қоршаған ортадағы әсемдікті сезіне білуге, туған жердің табиғатын сүйіп қастерлеп қорғауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыстар: сұр, қатпарлы, мамық, бұйра.

Көрнекіліктер: Бұлттар суреті

Қане балалар шеңбер құрып тұрайық

Оқу қызметінің барысы:

Бойымызды, денемізді оятайық.

Сәлем көздер, оянайық

Сәлем құлақтар оянайық

Сәлем қолдар оянайық

Сәлем аяқтар оянайық

Тыныштық сәті:

Тыныс алу жаттығулары:

Балалар аузымызды жауып мұрнымызбен терең демалайық.

Тамаша балалар.

Балалар енді мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.

Күнді жабады

Жаңбыр болып жауады. (Бұлт).

Қызықты сәт: Топқа бұлт кіреді.

- Балалар бізге қонаққа бұлт келіп қалыпты.

Бәріміз орнымызға отырайық. Үстел үстінде жұмысқа қажетті құралдар бар. Ақ парақта бұлттың, парашюттің және баланың сұлбалары тұр. Тісті тазалауға арналған щетка арқылы шашырату әдісімен аспан әлемін бейнелейміз. Парақтың барлық жеріне шашыратамыз.

Сергіту сәті: «Жаңбыр»

Парақ бетіндегі сұлбаны ақырын аламыз.

Парашюттың жібін фломастермен жүргізу.

Көрме ұйымдастыру.

Балалар салған суреттерін тақтаға әкеліп іледі.

Суреттер талқыланып, балалар бір біріне баға беру.

Қорытындылау.

Балалар мен сендерге аспан әлемінен бос келгенім жоқ, сабаққа жақсы қатысқандарың үшін сыйлық ала келдім.

Күтілетін нәтиже:

Біледі : орамалдың не үшін қажет екенін

Игереді : шаршы пішінді орамалды әшекейлеуді

Меңгереді: бояуды біркелкі тегіс жағуды

4. Күні 23.09.2021ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Ұзын жолдар»

Мақсаты: Балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру, қағазға солдан оңға қарай тізу сызық жүргізк білуді үйрету, саусақ қол қимыл қозғалыстарының икемділіктерін дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: қызыл, көк түсті майлы қарындаштар, екі түрлі жолақ қағаз, әр балаға арналған жолақ қағаздар, ойыншық қағаздар

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, мен қазір сендерге жұмбақ жасырайын, сендер жауабын тауып көріңдер:

Ұзын, ұзын, ұзын жіп,

Ұшына шыққан жан бар ма?

Ақырын басқан жан бар ма?

Ұшына шықпас жалғанда (жол)

Балалар жұмбақтың жауабын шешеді, таппай қиналса тәрбиеші көмектеседі.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Бүгін біз майлы қарындашпен жолдың суретін саламыз. Ол үшін маған алдымен мынаны айтыңдаршы. (ақ қағаз бетіне немесе фланелеграфқа қызыл ұзын жолақты, көк қысқа жолақты қатарластырып қойып көрсетеді.)

Екі жолақшаның қайсысы ұзын, қайсысы қысқа? Түстері қандай?

Бүгін қызыл жолақ тәрізді ұзын жолды саламыз. Тәрбиеші тақтаға бормен бір шетінен екінші шетіне дейін жеткізе сызық жүргізіп көрсетеді. Бұдан кейін ауада қарындашты дұрыс ұстауларын ескерте отырып, солдан оңға қарай бірнеше сызық жүргізгендей қимыл жасайды. Енді қағазға қарындашты өте қатты баспай ұзын-ұзын сызықтар жүргізсеңдер, «ұзын жолдар» болады. Мынадай жолда машина жақсы жүреді, жол тегіс (түзу) болмаса машина жүре алмайды. Кейбір дұрыс сызық жүргізе алмаған балаларға сол балалардың өзінің қағазына сызып көрсетеді. Аяқталмаған жұмыстарын мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды да, балаларды гимнастикалық орындықтың қасына жинайды.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балалардың салған суреттерін тақтаға қойып, мадақтайды. Қандай ұзын жол жасадық, енді бәріміз машиналарды жолда жүргізіп ойнаймыз

Балалар ұзын жолмен машиналарын жүргізіп ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын.

Түсінеді: бейнеленген түсініктерді іс-әрекет, қимыл-қозғалыс арқылы көрсетуді.

Қолданады: қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді және майлы қарындашпен жұмыс жасау техникасын.

5. Күні 30.09.2021ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Әр түрлі түстегі қақпалар»

Мақсаты: Қарындашты үш саусақпен дұрыс отырып, ұшын сәл жоғары, қатты қыспай, оң қолымен қағаз бетіне төменнен жоғары қарай, оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен қарай қысқа және ұзын сызықтар жүргізе білуді үйрету. Балалардың саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: әр балаға бір-бірден сары түсті қағаз, екі түсті қарындаш, ойнышық аю.

Оқу қызметінің барысы: Тәрбиеші қарындаштың көмегімен ұзын жолдарды қалай салғандарын балалардың естеріне түсіреді. Балалар, аю өзіне керемет қорған салып, оның қақпасын салуды ұмытып кетіпті, енді сендермен ойнауға шыға алмай, қақпа жасауда өздеріңнен көмек сұрап отыр. Көмектесеміз бе, балалар?

Балалар көңіл қойып тыңдайды.

Көмектесеміз

Ұйымдастырушылық ізденуші

Ендеше, біз қарындаштың көмегімен аюдың қорғанына әдемі қақпаларды салып, аюды өзімізбен ойнауға шақырамыз. Тәрбиеші алдымен балаларға қарындашты дұрыс ұстатып, ауада қақпаның суретін салуды ұсынады. Содан кейін қарындашты үш саусағымен қыспай ұстай отырып, қағаздың бетіне төменнен жоғары қарай ұзын сызық, солдан оңға қарай қысқа сызық, жоғарыдан төмен қарай ұзын сызық жүргізетінін түсіндіреді. Балалар жұмысқа кіріседі. Тәрбиеші балалардың салған қақпаларын көріп, олардың әдемі болып шыққанын айтып жатқанда аю келіп кіреді. Ол балалардың салған суреттерін көріп, өзінің ризашылығын білдіреді. Енді балалармен ойын ойнағысы келетінін айтады. Бірі бірге «Бейнені құрастыр» ойынын ойнайды.

Балалар тәрбиешімен бірге ауада сызықтар сызып, қақпаның суретін салады.

Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша төменнен жоғары қарай ұзын, оңнан солға қысқа, жоғарыдан төмен қарай ұзын сызықтар жүргізеді.

Балалар да аюмен ойнағысы келетінін білдіріп, өз қалаулары бойынша ойын ойнайды.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Барлық баланың салған суреттерін тақтаға іліп, тәрбиеші балалардан қандай түсті қақпа салғандары жайлы сұрайды. Аю балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлайды, ол үшін көңілді музыка қойылып, барлығы аюмен бірге би билейді.

Балалар өздерінің салған суреттері жайлы әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қарындашпен сурет салуды.

Түсінеді: бір-біріне, басқа да адамдарға деген достық сезімді.

Қолданады: төменнен жоғары, солдан оңға және жоғарыдан төмен сызықтар сызуды, қарындашпен жұмыс жасау техникасын.

6. Күні 7.10.2021ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: « Жау- жау жаңбыр»

Мақсаты: Сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін іс-әрекетте бере білуге үйрету, қарындашты ұстай білу дағдыларын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: көгілдір түсті майлы қарындаш, әрбір балаға ақ қағаз (жоғарғы бөлігіне бұлттар бейнеленген) сүрткіш.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балалардың назарын өзіне аударып, жұмбақ айтып береді, оның шешімін табуды ұсынады. Тырс-тырс тамады, тереземді қағады.

-Бүгін күн қандай? Ашық па?

Бұлтты ма? Жаңбыр жауып тұр ма? Балалар, бүгін күн салқын, жаңбыр жауып тұр. Аспанды бұлт торлаған. Күн бұлттанса, жаңбыр жауады.

-Тақтадағы суретке қарандаршы, бұл не? Түсі қандай?

-Жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естіледі?

-Көне, тындап көрейік.

Тәрбиеші үстел үстін саусақтарымен тысырлатып, жаңбыр дыбысын бейнелейді. Ой, жаңбыр қалай қатты құйып жауып кетті. Енді екі алақандарынды тізелеріңе қойып, шапалақтап көріндер. Балалар тәрбиешімен бірге аяқтарын тарсылдатып дыбыс шығарады, бұл жаттығулар балаларға жағымды көңіл күй сыйлайды.

Балалар жұмбақтың шешуін табады.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Енді көк майлы қарындашты пайдаланып қағазға жаңбыр тамшыларын түсіреміз.

Қарандар, бұлттан төмен қарай тамшылар түсіп келеді. Бірнеше үзік қысқа сызықтармен салып көрсетеді. Қағаз бетіне шашырата салуды қадағалайды.

Жұмыстарына басшылық жасап, аяқтаған жұмыстарын мадақтайды.

Көк майлы қарындашты алып, сурет салуға кіріседі.

Балалар қағаз бетіне шашырата жаңбыр тамшыларын бейнелейді.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балалардың салған суреттерін мадақтайды. Көрме ұйымдастырады.

Балалар өздерінің еңбектері туралы әңгімелеп береді, достарының салған суреттерін тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: табиғат құбылыстары жайлы қарапайым түсініктерді

Түсінеді: жаңбырдың жауу түрлері және оны қағаз бетіне түсіру ерекшеліктерін

Қолданады: қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын үзік сызықтар арқылы салуды.

7. Күні 14.10.2021ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Табиғат әлемі. Шағылысқан күн сәулесі»

Мақсаты: Балаларға алақанмен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету. Саусақ бұлшықеттерін және қимыл-қозғалыстарын үйрету. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: күн сәулесі салынған үлгі сурет, көк түске боялған қағаз, сары бояу қол сұрткіштер, ойыншықтар

Оқу қызметінің барысы:

Балаларға бүгінгі күннің қандай тамаша екенін күн нұры аямай төгіп тұрғаны күн барлығына қуаныш әкелетіні- жапырақтар жайқалып құстар сайрап, жан жануар атауы тіршілік қамына кірісіп, балалар көтеріңкі күйде болатыны жайлы әңгімелейді.

-Ал біздің ойыншықтарымыздың күн сайын далаға шығып, күннің көзін көретін мүмкіндіктері жоқ, Олардың көңілдерін көтеріп, күзгі күн сәулесімен жылыуына көмектесеміз бе?

Балалардың көңіл күйлері көтеріледі.

Балалар өз ойларын айтады.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Ақ сандығым ашылды ішінен жібек шашылды?

-Ендеше бәріміз жарқыраған күн сәулесін бейнелеп, ойыншықтарға сыйлайық.

Жұмыс бастамас бұрын бойымызды сергітіп алайық.

Ал, балалар, тұрамыз,

Айналаны шоламыз.

Күн нұрындай жарқырап

Жер бетіне қонамыз.

Балалар, бүгін біз алдарында тұрған бояулардың сырын ашамыз, қарындашпен сурет салған сияқты, бояумен суреттер салуға болады. алдарындағы сары бояуды пайдалана отырып, алақанымызбен саусақтарымыз арқылы күннің суретін салайық. Бояумен жұмыс жасау ұқыптылықты талап ететін ұмытпайық. Алдымен алақанымызды сары түсті бояуға батырып, күннің домалақ бейнесін, ал саусағымыз арқылы күннің сәулелерін бейнелейік.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Жұмыс соңынан балалардың еңбегін мадақтап топтың жарық болып кеткенін, мұндай жарық жерде ойыншықтар көңіл болатынын айтады.

Балалар өз жұмыстарына қызығушылықпен қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: алақанмен саусақ арқылы түрлі бейнелер салуға болатынын.

Түсінеді: суретті әр түрлі әдістермен салуға. болатынын, ол әдістерді өз ойларынан шығаруға да болатынын.

Қолданады: алақанмен саусақ арқылы күнді бейнелеуді

8. Күні_21.10.2021ж_____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Қош келдің Алтын күз! Жапырақтар түсуде»

Мақсаты: а) қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді мен бояуды үйрету;

ә) қылқалам пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қолдың қимыл қозғалысын дамыту;

б) ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: қызыл, қоңыр гуашь бояу, сары түске боялған қағаз, қылқалам, су, сүрткіш, демонстрациялық материалдар.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, бүгін бізге Айсұлу деген қуыршақ қонаққа келіпті. Ол күзгі орманды аралап жапырақ жинап жүріп, қолындағы себетін бір жерге қойып кетіпті де, оны қайтадан таба алмай қалыпты. Сендер оның себетін көрді ме екен деп сұрау үшін келіпті. Естеріңе түсіріңдерші, себетті біз қайдан көрдік? (егер балалар жауабын тауып айтпаса, тәрбиеші өзі айтады.) Мынау ма?

Қуыршақ қуанып: Иә, осы, қандай жақсы болды, рахмет сендерге. Қуыршақ: Балалар, мен сендерге сурет алып келдім. Жапырақтар түсіп жатқаны бейнеленген үлгі суретті көрсетеді.

Балалар тыңдайды.

Жпырақтар жерге көп түсіп жатқанын, ағаштың басында өз қалғанын айтады.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Біз бүгін қылқаламмен саламыз. Қылқаламмен таныстырады. Қылқалам деп аталуының өзіндік себебі бар. Өйткені оның бас жағы қылдан жасалған. Ол өте жұмсақ. Өздерің алақандарыңа сүйкеп көріңдерші, жұп-жұмсақ. Қылдан жасалған шашақтар темірмен оралып, ағашқа бекітілген. Қылқаламды дұрыс ұстау үшін темір бөлігінен ағаш бөлігіне дейінгі тұсты үш саусақтың арасына қатты майыстырмай ұстау керек.

Кәне, қылқаламды қолға алып, қызыл, сары, қоңыр бояуға батырып аламыз да, былай сүйкей жағамыз. Балалардың жұмыстарын Айсұлу аралап көреді. Аяқталған жұмыстарды тәрбиеші жинап алып тақтаға іледі.

Ал, енді қазір бәріміз бірігіп ойын ойнасақ қайтеді.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Балалардың жасаған жұмыстарын мадақтайды, арнайы жасалған себеттің суретін балаларға үлестіреді.

Балалар өздерінің салған суреттерін тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қылқаламмен күзгі жапырақтардың ерекшеліктері жайлы қарапайым түсініктерді.

Түсінеді: қылқаламмен, бояумен қағаз бетіне жапырақтардың суретін салуды.

Қолданады: ұқыпты жұмыс істей білуді.

9. Күні 28.10.2021ж. _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Жомарт күз:Қызыл, сары жапырақтар»

Мақсаты: Ата-аналармен бірлесе отырып алақан арқылы жапырақтың бейнесін салуды үйрету;

ә/ негізгі түстер туралы білімдерін бекіту;

б/ балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: алақан арқылы сурет салу, ойын

Көрнекілігі: демонстрациялық материалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті қағаздан жасалған сары, қызыл жапырақтар, қызыл, сары гуашь бояулар, №4 қылқалам, дымқыл қол сүрткіштер.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балаларға бүгін бірнеше ата-аналардың қонаққа келгендігі жайлы хабарлайды. Олардың балаларға арнап қызықты ойын ала келгендігі және алақан арқылы сурет салуға көмектесетіндерін айтады.

Балалардың қызығушылығы оянады.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Тәрбиеші аналарының алып келген жапырақтарын көрсетеді. Мына жапырақтарға қарандаршы түстері қандай керемет. Балалардан олардың түстерін сұрайды. Мынау – сары, мынау-қызыл, ал мынау- қызғылт сары

жапырақтар. Кәнекей, бәріміз бірге қайталайықшы. Балалармен бірге бірнеше рет қайталайды. Күз мезгілінде жапырақтар түсінің өзгеретінін түсіндіріп өтеді. Сендердің аналарың көңілдене соққан жел болады. Сендер күзгі жапырақтар боласыңдар.

Балалармен ата-аналарына өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасатады.

Сергіту сәті:

Жел соқты, жел соқты, ағаштар желмен шайқалды. жел соқты, жел соқты, жапырақ түскен байқалды.

–Балалар жапырақтар қандай әдемі болып ұшып жатыр, олар неткен көп. Бейне бір жерге әдемі кілем төсеп қойғандай. Ендеше, осындай әдемі қызғылт сары жапырақтардың суретін алақан арқылы салып көрейік. (аналары балаларының жанындағы орындыққа отырады.)

-Міне, мынау – сары, қызыл бояулар. Бір алақандарыңды сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне бірнеше жапырақтардың бейнесін салыңдар.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балалардың аналарының көмегімен алақан арқылы салған түрлі жапырақтар суреті жайлы әңгімелеп, мадақтап,көрме ұйымдастырады.

Балалар өздері салған жұмыстарын қызықтайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: күзгі жапырақтардың түсінің өзгеретінін

Түсінеді: алақан арқылы күзгі жапырақтардың суретін салуды

Менгерген дағдылары мен іскеріктері: ұқыпты жұмыс істей білу дағдыларын

10. Күні 4.11.2021ж _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Түрлі- түсті жіптер»

Мақсаты: Фломастерді дұрыс пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету.

Саусақтарының бұлшықеттерін дамыту, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: 3 түсті фломастерлер, 3 түсті жіптер, әр балаға арналған жіптердің суреті салынған парақтар, дымқыл қол сүрткіштер.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар,»жіптер әлемі» сендерге түрлі-түсті әдемі жіптерін қонаққа жіберіпті.

(қолындағы жіптерді балаларға таратып береді) қандай жұмсақ,түстері қандай әдемі.

Жіптерді ұстап көріңдер.

Жіптерге қызығушылықпен қарап,қолдарымен жіпті ұстап көреді.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Қолдарындағы жіпті тарқатып,қайтадан орауларын ұсынады. Фломастермен таныстырып,жіптің суретін салатыны туралы хабарлайды. Үлі суретті көрсетеді.салу әдісін түсіндіреді.Балалармен бірге бірнеше рет ауада сызықтар сызып, жаттығу жасап көреді.

Сергіту сәті:

Кәне жіпті орайық,

Енді шешіп көрейік. Қайта орап жіптерді, Тағы шешіп көрейік. Алдымен саусақтарымен ауада салғызып сонан кейін, үлгіге қарап жұмысты бастатады. Жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекеті мен белсенділігіне қолдау көрсетіледі.

«Жіптер әлемінен» келген жіптер балаларға алғысын айтып қоштасады.

Қолдарындағы жіпті тарқатып,қайтадан орауға тырысады.

Фломастермен танысады.

Үлгі суретке мұқият зер салады.

Саусақтарымен ауада сызықтар сызады.

Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.

Фломастерлерді алып,тәрбиешінің нұсқауымен қисық сызықтар сызады.

Жіптермен қоштасады

Рефлексиялы түзету кезеңі

Балалардың салған сурттерінен көрме ұйымдастырылады,жақсы салғандарын мадақтап,жұмысты қорытындылайды.

Өздерінің жұмыстарын көрмеге қояды. Қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: фломастерді пайдаланып,сызықтарды дұрыс сыза білу

Түсінеді: түстерді таңдай білуді,оларды ауыстырып қолдануды

Қолданады: үлгі бойынша ирек сызықтарды сызу әдісін

11. Күні 11.11.2021ж _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: Әжемнің жіп шумақтары .

Мақсаты: балаларды түрлі түсті фломастерлермен жіп ораманың суретін салуға, фломастерді қатты қыспай, қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету. Балалардың қол қимылдарының қозғалысын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: әртүрлі жіп орамдары, әр балаға бір-бірден сары қағаз, фломастерлер.

Оқу қызметінің барысы:

Айсұлудың үйдегі мысығы ойнап, әжесінің шіп шумақтарын тарқатып тастапты.

Айсұлу сендерден сол жіп шумақтарын орауға көмек сұрай келіпті.

Тәрбиеші өткенде әдемі жіп шумақтарын суретін салған едік балалардың есіне түсіреді.

Сол сияқты жіп шумақтарының суретін салып беремізбе Айсұлуға

Балалар ынта қойып тыңдайды. Балалар есіне түсіреді.

Ізденіс-Ұйымдастырушылық

«Жіп орамы» ойыны.

Ойынның шарты: Балаларға себеттегі тарқатылған жіптерді беріп орату. Жіпті орап болған балалар жіптің түсін атап, себетке салады.

-Балалар, енді әже сендердің ақылды, епті екендерінді білетін болады.

Сергіті сәті:

Бір дегенде орнымыздан тұрайық

Қолымызға жіпті ұстап алайық

Екі үш рет жібімізді орайық

Қайта барып орнымызды табайық. Айсұлу сендердің суретті жақсы салатындарыңды жақсы біледі. Сондықтан сендерден жіп орамының суретін салып берулерінді сұрайды.

Ол үшін ауада бірнеше рет жаттығу жасайды. Қарандаштарды алып , бір нүктеден бастап, үзбей сызық сызуға жаттығады. Тәрбиеші балаларға сол жақтан оң жағынан жоғарыдан төмен қарай бір нүкте бергілеп, қолды үзбей дөңгелетіп, жіп орамын салу керектігін көрсетіп отырады.

Рефлексивті –коррективтік

Тәрбиеші балалардың жасаған жұмыстарынан көрме жасайды.

Балалар өздерінің жұмыстарын қарап тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Жіптің орау арқылы жиналатынын.

Болуы қажет: Жіптердің түстері әр түрлі болатынын.

Жасай алады: Жіп орамының суретін қағаз бетіне бір нүктеден бастап қолын үзбей салу.

12. Күні_18.11.2021ж._____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Теңіздер мен мұхиттар. Балықтар жүзеді»

Мақсаты: Езілген бояуды жүргізу арқылы қағаз бетін толық бояуға үйрету.

Қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әр балаға түрлі-түсті майлы қарындаштың көмегімен салынған балық бейнесі бар парақтар, көгілдір бояу, қылқалам, қол сүрткіштер, су.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балаларға қағаз бетіне салынған балықтың суретін көрсетеді. Мынау- аквариум, мұнда балықтар өмір сүреді. Балаларға келесі жұмбақтың шешуін табуды ұсынады:

қызыл түсті,

мөлдір сулы.

Сары түсті,

тасты, құмды.

Жасыл түсті балықтар, әйнек үйде қалықтар.

Ол не, балалар?

Өлең сөзінің мағынасын түсіндіріп, тәрбиеші өзі шешуін айтады.

Балалар назарын суретке аударады.

Ол аквариум

Ұйымдастырушылық ізденуші

-Сендер балықты қайдан көрдіңдер?

-Балалар, бізде көптеген аквариумдар бар, сендер өздеріңе ұнаған аквариумды тандап алып, оған судың суретін салыңдар. Ұнаған бояуларыңмен қағаз бетін түгелімен бояйсыңдар. Тәрбиеші аквариумды бояудың жолдарын көрсетеді.

Сергіту сәті:

Өзенге біз барайық,

Балық аулап алайық.

Ұстап алған балықты,

Аквариумға салайық.(Ф.Н)

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балалардың жұмыстарын талқылап, аквариумдағы балықтардың көңілдері көтерілгенін айтады.

Балалар өз жұмыстарын тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: балықтардың үй жағдайында аквариумда өмір сүретінін.

Түсінеді: қылқаламды дұрыс ұстауды,ұқыпты бояй білуді,ептілікті,икемділікті.

Қолданады:түрлі-түсті бояу арқылы суды көлденең бояп салуды.

13. Күні 25.11.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Ғарышқа саяхат. Әуе шарлар»

Мақсаты: Қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту. Саусақ икемділіктерін дамыту, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: түрлі- түсті қарындаштар, үлестірмелі материалдар, қол сүрткіштер. Демонстрациялық материалдар.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, мен сендерге асығып келе жатып жолда көңілсіз тұрған қоянды көрдім. Тәрбиеші осыны айтып жатқанда қоян келіп кіреді.

Балалар

қызығушылықпен тыңдайды.

Ұйымдастырушылық ізденуші

-Қоян, саған не болды? Сен неге көңілсізсің?

-Өзімнің балабақшадағы достарыма сендерге шарлар сыйлайын деп келе жатыр едім, қатты жел соғып, шарлардың жібі болмағандықтан жел ұшырып алып кетті. Сендер сол шарларды көрмедіңдер ме?

Тәрбиеші балаларға қоянға көмектесу керектігі жайлы айтып, шардың түсі, пішіні қандай екені жайлы әңгімелеседі. Тәрбиеші балалардың алдарындағы шарлар салынған қағазға көңіл аударуларын өтініп, осы шарлардың өз түстеріне сәйкес жіптерін үлгі сурет бойынша ирек сызықтар арқылы қалай салуға болатынын түсіндіріп көрсетеді. «Әуе шарларын ұшырамыз» қимылды ойыны. Балалардан қандай түсті қарындашты пайдаланғандарын және шарларының қандай түсті екенін сұрау. Балалар салған суреттерін қоянға көрсетеді. Қоян балалардың салып берген суреттері өте әдемі екенін айтып, алғысын білдіріп қоштасады.

Балалар таңдана қарайды.

Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша шардың аузын байлайтын әртүрлі жіптерді немесе ирек сызықтарды сызады.

Балалар өздерінің қандай қарындашпен жұмыс жасағандары жайлы әңгімелейді.

Салған суреттерін тамашалайды.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Балалардың сурет салу барысындағы іс-әрекетіне басшылық жасап, бағыт-бағдар беріп, жасаған жұмыстарын мадақтайды.

Балалар өздерінің және бір-бірлерінің жұмыстарын қарап көреді.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: шардың жеңіл, салмақсыз болатындығын.

Түсінеді: қарындашты дұрыс ұстап жұмыс жасауды.

Қолданады: қарындашпен ирек сызықтар сызу дағдысын.

14. Күні 2.12.2021ж.

—

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Жапалақтап қар жауды»

Мақсаты: Саусақ арқылы қардың бейнесін салуды үйрету, саусақтардың бұлшықеттерін дамыту, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: әр балаға бір-бірден көгілдір түспен боялған парақтар, ақ гуашь, су, қол сүрткіштер, демонстрациялық материалдар.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, қараңдаршы, бір ғажайыптың күшімен біз қысқы орманда саяхатта жүргендейміз. Орман қандай әдемі күйге енген, ағаштардың бәрін қар басып, жердегі ақ ұлпа қар күн сәулесіне шағылысады.

-Мұнда қар жауып тұрған сияқты ғой. Қыста көптеген аңдар қысқы ұйқыға кетеді. Олар қардың жауғанын көрмейді. Біз оларға қыстан естелік ретінде қардың қалай жауатынын көрсетіп, сурет салып берейік. Бүгін ақ гуашьты пайдаланып, саусақ арқылы жауып тұрған қардың суретін саламыз. Тәрбиеші сурет салу жолдарын көрсетеді. Балалар сұқ саусақтарын ақ бояуға батырып, онымен қағаздың бетіне дақ түсіреді. Тәрбиеші жапалақтап бейнелеуді талап етеді.

Тақтадағы қыс табиғатын бейнелейтін суреттерге, алдарындағы қолдан жасалған қарларға көңіл аударады.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Тәрбиеші балаларға алдарындағы көк парақтың бетін толығымен пайдалану керектігін және жұмыс соңынан балалар қолдарын жауып тазалауды керектігін ескертеді.

Тәрбиеші осы салған суреттерін қысқы ұйқыға кететін жануарларға сыйлайтынын айтып, жұмыстарын жинап алады да, ойын ұйымдастырады.

«Кім алысқа лақтырады?» ойыны. *Шарты:* Мақтадан жасалған қарларды лақтырып, қағып алып ойнайды. Тәрбиеші кімнің алысқа лақтырғанын бақылап тұрып, ойын қорытындысын шығарады.

Балалар тәрбиешінің көрсетуімен сұқ саусақтарын ақ гуашьқа салып, көк парақтың бетіне жауып тұрған қарды бейнелейді.

Балалар салған суреттерін тәрбиешіге жинап береді.

Ойынды қызығушылықпен ойнайды.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Салған суреттерінен көрме ұйымдастырады. Жақсы шыққан сурет иелерін мадақтайды. Өздерінің жұмыстарын зер сала қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қыс мезгілінде қардың жапалақтап жауатынын, қардың пайдасын.

Түсінеді: қыста қар жауып, адамдар тіршілігіне өзіндік өзгерістер әкелетінін.
Қолданады: қарды саусақ ұшымен, кеңістікті бағдарлай отырып бейнелеуді.

15. Күні 9.12.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Ақ ұлпа қарлар»

Мақсаты: Бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету. Сурет салу іскерліктерін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ақ түсті гуашь, жіңішке қылқаламдар, әр балаға көк түспен боялған қағаздар, қол сұрткіштер, су. Демонстрациялық материал.

Оқу қызметінің барысы:-

Балалар, бүгін далада қар жауып тұрғанын байқадыңдар ма?

-Сендердің ойыншықтарың да қардың жауып тұрғанын көргілері келеді, не істесек екен? Ендеше, балалар, біз ойыншықтарға жауып тұрған ақ ұлпілдек қардың суретін қылқаламның көмегімен салып берейік.

Балалар қардың жауып тұрғаны жайлы, өздерінің көргендерін айтады.

Ұйымдастырушылық ізденуші

-Терезеден жан-жақтарына, үйлердің төбесіне, ағаштарға, жолдарға қарасаңдар, барлығы ақ ұлпа қар жамылған.

-Қардың түсі қандай?

-Қарды тағы қандай деп айтуға болады?

Сергіту сәті:

Аппақ, аппақ дала,

Аппақ ауыл, қала

Жапалақтап ақша қар,

Жауа берсің, жауа

Тәрбиеші көлденең және түзу сызықтар салуға қиналған балаларға көмектесіп, бағыт-бағдар береді. Жұмыстарын аяқтаған соң, көрме ұйымдастырады.

Терезеден далаға көз тастап қарайды.

Аппақ

Мамықтай ұлпа, жұмсақ

Балалар тәрбиешінің көмегімен түзу, көлденең, қиғаш бірнеше сызықтар жүргізу арқылы қардың бейнесін салады.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балаларға «Кішкентай суретшілер» деген ат беріп, жасаған жұмыстарының сәтті шыққанын, ойыншықтардың қуанғанын хабарлап, олардың атынан алғыс айтады.

Балалар салған суреттеріне мұқият қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қардың аппақ, мамықтай ұлпа екенін, жапалақтап жауатынын.

Түсінеді: қыс мезгілінде қардың түрлі қалыпта жауатынын.

Қолданады: қысқа түзу, көлденең, қиғаш сызықтарды сызу арқылы қардың бейнесін салуды.

16. Күні__23.12.2021ж._____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Шырша шамдарын жағамыз»

Мақсаты: Жаңа жыл мейрамына байланысты кешті еске түсіре отырып берілген суретті жалғастырып саусақтарымен таяқшаға оралған мақтамен сурет салуға үйрету. Саусақтарының икемділіктерін арттыру, сурет салуға деген қызығушылық сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілігі: түрлі-түсті бояулар, әр балаға арналған таяқшаға оралған мақта, үлестірмелі материалдағы фон, қол сүрткіштер, су.

Оқу қызметінің барысы:

-Балалар, сендерге Жаңа жыл мейрамындағы шырша ұнады ма? Ал сол мейрамдағы ойыншықтар ұнады ма?

Міне, сол сендерге ұнаған ойыншықтар ойын бұрышында Жаңа жыл мерекесін өткіземіз деп шешіпті. Аққала орманда жүріп, Жаңа жыл мерекесіне кешігіп қалыпты. Жарқыраған шамдары мен ойыншықтары бар шыршаны тамашалай алмай қалыпты. Сол әдемі шыршаны көргісі келеді, сондықтан сендерден мына жасыл шыршаны әдемі ойыншықтармен безендіріп беруді сұрайды. Көмектесеміз бе, балалар? Балалар Жаңа жыл мейрамында не көргендері, не ұнағандары жарайды әңгімелеп береді. көмектесеміз

Ұйымдастырушылық ізденуші

-Сендер Жаңа жылдық қандай ойыншықтарды жақсы көресіңдер? Аққала да өзінің шыршасын әдемі ойыншықтармен безендіргісі келеді. Алдарындағы қағазда әдемі Жаңа жыл шыршасы бейнеленген. Саусақты, таяқшаға оралған мақтаны (бастырма, поролон) әртүрлі бояуларға батырып алып, осы шыршаға арналған ойыншықтарды бейнелейміз. Жұмыс соңында суреттерін жинап алып. Аққалаға беріп жібереді. Балалар суреттерін салып болған соң мынадай өлең жолдарымен аяқтайды:

Тамаша, тамаша!

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса

Рефлексиялы түзету кезеңі

Аққаланың балалар салған суреттерге қатты қуанып, өзін Жаңа жыл кешінде жүргендей сезінетінін айтты.

Балалар жұмыстарының сәтті шаққынанын қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қыс мезгілінде Жаңа жыл мейрамының болатынын

Түсінеді : ойыншықтармен шыршаны безендіруге болатындығын

Қолданады: саусақ және таяқшаға оралған мақтаны пайдаланып ойыншықтарды салуды.

17. Күні 30.12.2021ж _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Қардағы іздер»

Мақсаты: Қағазға саусақпен дақ түсіруді үйретуді жалғастыру, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, жануарлардың қимыл-қозғалысын және іздерін қарға түсіріп жаттығу, саусақтарының бұлшықеттерін дамыту. Табиғаттың әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ақ қағаз, қоңыр, көк түсті бояу (гуашь) қылқалам, ойыншық аңдар

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші серуен кезінде қардағы адамдардың, ит- құстардың іздерін көріп бақылағандарын және өздері де қарға із түсіріп көргендерін еске түсіреді. Аюдың қорбаңдап жүретінін, қоянның секіріп жүретінін, құстардың жем шоқып жегенін әңгімелейді.

Балалар алдын ала бақылау кезінде көргендерін естеріңе түсіреді. Әңгімелеп береді.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Міне, сендердің алдарында ақ қағаз, сендер оны «қар жамылған дала» деп елестетіндер.

Ақ қарға ешқандай із түспеген, әлі ешкім де, еш нәрсе де жүрмеген. Осы ақ қардың үстіне бояумен із түсіріп көрейік. Енді мына қоянға көмектесейік, ол қарда қалай жүгіреді екен? Ақ қағазға бояумен із түсіріп көрсетеді. Бұл ненің ізіне ұқсайды?

Мына ойыншықтарды қағаз бетіне жүргізіп көріңдерші.

Балалардың жұмыс барысында ұқыпты жұмыс істеулері қадағаланады. Енді орнымызға отырып, қылқаламның ұшын қатты баспай, кішкене –кішкене дақтар түсіре отырып қоянның ізін саламыз. Тәрбиеші қылқаламды кез келген бояуға батырып, оның ұшын ғана қағазға тигізу арқылы қоянның ізін қалай салуға болатынын, қағаз бетіне дақ түсірудің жолдарын көрсетеді. Қоян секіріп –секіріп жүретіндіктен, арасын алшақ немесе жақын да орналастыруға болады. «Іздер» , «дақ түсіру» сөздеріне түсініктеме беру үшін сөздік жұмыс жүргізіледі. Балалар, енді музыка әуенімен аңдардың қимыл-қозғалысын қайталап көрейікші.

Балалар жұмыстарын аяқтап, орындарынан тұрып, музыка әуенімен аңдардың қимыл-қозғалысын қайталап көрсетеді.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Кейбір балаларға жеке нұсқаулар беріледі. Басшылық жасалып, жақсы жұмыстар мадақталып, іс-әрекет барысы қорытындылады.

«Қояным» ойынын ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қыста қарда оның үстімен жүріп өткен адамдардың, аңдардың іздері қалатынын.

Түсінеді: аңдар туралы қарапайым түсініктерді.

Қолданады: қағазға қылқаламмен дақ түсіре білуді, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын.

18. Күні 6.01.2022ж _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Мұз сүңгілері»

Мақсаты: Үзік сызықты сыздырта отырып кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, баланың қиялын дамыту, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: әр балаға сүңгінің суреті салынған парақтар, қылқаламдар, көк бояу, су, қол сүрткіштер.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балаларды ертеңгілік шаттық шеңберіне тұрғызады. Балалар дөңгеленіп тұрғанда неге ұқсайтындарын және күннің қандай пайдасы бар екенін сұрай отырып, бір-біріне жылы тілектер айтқызады. Тәрбиеші қыстың ашық күндері күн сәулесімен үйлердің төбелеріндегі қар еріп, содан кешке қарай күн қайта суытқанда мұз сүңгілері пайда болатынын, балаларға терезеден қарап көруге болатынын айтады. Балаларға бәрі бірге Мұздар әлеміне саяхатқа барып, су тамшылары суретін қылқаламның көмегімен салатынын түсіндіреді.

Балалар бір-бірімен сәлемдеседі.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Осы кезде есік қағылып, топқа «Қылқалам» кіреді. Ол балалармен амандасып, олармен бірге Мұздар әлеміне саяхатқа барғысы келетінін айтады. Балалардан көздерін жұмуды сұрайды, сол кезде тақтаға мұз сүңгісі салынған сурет ілінеді.

Сергіту сәті.

Күн шуағы жарқырап,
Бізге жылу төгеді
Жылынамыз бой жазып,
Күлімдесіп төс қағып
Бір-бірімізге иіліп,
Сәлемдесіп қол созып.

«Қылқалам» өзінің көмегімен мұз сүңгілерінен күн жылынғанда су тамшыларының қалай пайда болатынын түсіндіреді, сол тамшылар суретін салуларын өтінеді.

«Қандай түс?» дидактикалық ойын. Шарты: Түрлі –түсті ойыншықтарды көрсете отырып, олардың түстерін сұрайды.

Рефлексиялы түзету кезеңі

«Қылқалам» жас суретшілерді мадақтайды. Балалар салған суреттерден көрме ұйымдастырады.

Көңіл күйлері көтеріледі.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: мұз сүңгілері күн жылынғанда мұз еруі салдарынан пайда болатынын

Түсінеді: мұз сүңгілерінің қыс, көктем мезгілдерінде пайда болатынын

Қолданады: су тамшыларын жоғарыдан төмен қарай қағаз бетін толық пайдалана отырып салуды.

19. Күні 13.01.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Мұржаның түтіні будақтайды»

Мақсаты: Қыс мезгілі ерекшелігін түсіндіру, қарындашпен үзбей ирек сызықтар салу дағдыларын қалыптастыру, саусақтарының қозғалыстарын және икемділігін дамыту. Өсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: әр балаға бір-бірден үйдің суреті салынған парақтар, түрлі –түсті қарындаштар, қол сұрткіш.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, қыс мезгілінде ауылға барғандарың бар ма? Ауылда не байқадыңдар? Сендер қандай үйде тұрасыңдар? Ал ауылдағылар ше?

Тәрбиеші ауылда және жер үйде тұратын адамдар қыс мезгілінде пеш жағып, үйді жылытатыны туралы әңгімелейді. Қаладағы үлкен өндіріс орындары трубаларынан түтін шығып жатқанын көргендерің бар ма? Мұндай сұрақтарға жауап беру үшін алдын ала бақылау жұмыстарын жасатады.

Балалар ауылға барғанда не байқағандары жайлы және өздері тұратын үйлері жайлы әңгімелейді.

Тәрбиешінің әңгімесін қызығушылықпен тыңдайды.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Балалар, сендердің ойыншықтарың қыс мезгілінде далаға көп шықпайды, сондықтан да мұржадан түтіннің қалай шығатынын білмейді. Осы көріністің қандай болатынын білу үшін сендерден мұржадан шығып тұрған түтіннің суретін салып беруді өтінеді.

Тәрбиеші балаларға түтінді салу жолдарын көрсетеді де, алдарында тұрған парақтағы суреттегі үйдің мұржасынан шыққан түтінді қарындашпен ирек сызықтар сызу арқылы салуды сұрайды. Ол үшін алдымен қарындаштарыңды оң қолдарыңа аламыз. Біз түзу сызықтарды сызуды үйрендік, енді ирек сызықтар салуды үйренеміз. Ирек сызықты ауада өзі сызып салып көрсетеді, балалар тәрбиешіге ілесіп бірнеше рет қайталап көреді. Суреттегі үй төбесіндегі мұржадан түтін шығып тұрған жоқ. Себебі ол үйде от жанып жатқан жоқ, ал үйдегі пеште от жанғанда ғана түтін будақтап шығады. Қазір түтіннің мұржадан қалай шығатынын көрейік. Өзі қағаздағы суретке ирек сызықтарды қалай жүргізуге болатынын көрсетеді. Балалар алдарындағы суреттегі үйдің мұржасынан шыққан түтінді салады.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Түсінеді: жарық көздері туралы түсініктерін кеңейтеді.

Қолданады: үзік сызықтарды шашырата сызу арқылы жарық сәулесін салуды.

25. Күні 24.02.2022ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз»

Мақсаты: фломастермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруге үйрету, ойын тәсілдері арқылы ой қиялдарын дамыту, құстарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Көрнекілігі: фломастер мен үшкір ұшталған таяқша, торғайлардың суреті, сазбалшық, жем салғыш, сүлгі.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші тақтаға ілінген суретке балалардың назарын аударып, не көріп отырғандарын сұрайды. Суреттегі торғайларға қарандаршы, олар не істеп отыр? Торғайларға қандай көмек көрсетуге болады?

«Торғайлар ағаш басына қонып отыр. Жем салғышқа балалар жем салып, іліп жатыр», - деп балалар көріп тұрғандары жөнінде әңгімелеп береді.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Сурет бойынша қысқаша әңгіме сұхбаттан соң тәрбиеші балалардың әрқайсысында торғайдың суреті салынған парақтар таратады.

Енді біз торғайларға жем шашайық. Нүктелерді тақтадағы қағаз бетіне түсіре тұрып, келесі өлең жолдарын оқиды: Торғай, торғай, торғайсың,

Таяу келіп қонғайсың.

Дән шашайын, тойып ал,

Суыққа сонда тонбайсың..

Ал, енді өздеріңнің торғайларыңа жем шашыңдар, мен көрейін. Менің торғайым бөтегесі бұлтиып тойып алды. Кәне, сендер торғайларыңа жемді қалай беретіндеріңді көрейік. Тәрбиеші балалардың жұмыстарын арқалап жүріп көреді. Жемді көбірек шашсаңдар, торғайлар тез қояды. Алдарындағы фломастерді немесе таяқшаны пайдаланыңдар. Балалар жұмыстарын аяқтаған кезде тәрбиеші мынандай ұсыныс айтады: Кәне, балалар, енді маған торғайлар қалай ұшатынын көрсетіңдерші.

Сергіту сәтін жасатады.

Даладағы торғайлар тоңып, жем таба алмай жүр, өйткені далада күн суық, барлығын қар басып қалған.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балалардың жұмыстарына басшылық жасап, жеке нұсқаулар береді.

Аяқталған жұмыстарды мадақтап, сабақты қорытындылайды.

«Мысық пен торғайлар» ойынын ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: қағаз бетіне нүктелерді түсіруді, ойын тәсілдері арқылы ой-қиялдарын дамытуды.

Түсінеді: құстар және оларды тамақтандыру жайында түсініктерді.

Қолданады: фломастермен немесе таяқшамен, қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

26. Күні_3.03.2022ж._____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Орамалды безендіру»

Мақсаты: қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету, саусақ қол қимыл қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту, балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: сары түсті парак, бастырма, түрлі түсті бояу, сүлгі, су

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, мына Айгүл деген кішкентай қыз 8 Наурыз мерекесіне әжесіне не сыйлайтынын білмей, сендерден көмек сұрай келіпті.

8 Наурыз –әжелер, аналар мерекесі, көктем мерекесі екенін балаларға түсіндіру.

Әжемізге не сыйласақ екен? Ол кісі үлкен, қарт адам. Бәріміз Айгүлге көмектесейік.

Балалар Айгүлмен сәлемдеседі.

Балалар ойланады.

Иә, көмектесейік.

Ұйымдастырушылық ізденуші

Тәрбиеші әдемі ою-өрнектері бар орамалдарды көрсетіп, олардың не мақсатта қолданылатыны туралы әңгімелейді. Балалардан аналарының, әжелерінің орамалдары жайлы сұрайды. Орамалдардың әртүрлі болатыны туралы түсініктеме береді.

Бүгін әжемізге сыйға тарту үшін мына орамалдыәдемі етіп безендіріп берейік. Тәрбиеші балаларға фон және онда үшбұрыш сызылған үлестірмелі материалды таратып береді.

Берілген орамал пішіні ішіне дөңгелек пішіндерді салу жолын түсіндіреді.

Қызыл гуашьты пайдаланатындығын айтады. Бастырма әдісі бойынша салуға да болады,ол үшін алдымен кішкентай дөңгелек пішіндер дайындалып алынады. Ол пішінді қызыл бояуға батырып алып, орамал бетіне бастырады. Мақта оралған таяқшамен,саусақпен,қылқаламмен салуға да болады. Тәрбиеші өзі қалаған тәсілді алады. Сурет салу барысында балаларға дөңгелектерді орамалдың бір шетінен бастап,арақашықтығын дұрыс сақтай отырып салып шығуды тапсырады. Жұмыс барысында балаларға нақты бағыт-бағдар беріліп отырады. Балалар безендірген орамалдарын Айгүлге ұсынады.

Балалар әжелерінің,аналарының орамалдары жайлы өз білгендерін айтады.

Балалар тәрбиешінің басшылығымен жұмыс жасайды,орамалды дөңгелек бастырманы қызыл гуашьқа матырып алып басу жолымен безендірді.

Рефлексиялы түзету кезеңі

Тәрбиеші балалардың салған суреттерін жинап алған соң, олардың суреттерін талдау жұмысын жүргізеді.

Балалар бір-бірлерінің суреттеріне қарап тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: бастырманы жұмыс істеу дағдысын

Түсінеді: орамалдардың алуан түрлі формада,түсте болатыны туралы мәліметті

Қолданады: әр түрлі тәсілмен дөңгелек пішін салуды.

27. Күні_10.03.2022ж._____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты: а) қылқаламмен немесе саусақ арқылы көйлекті дөңгелек пішіндермен (үлкен, кіші) безендіруге үйрету; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту;

ә) саусақтарының икемділігін арттыру, көйлекті әдемі әшекейлеу арқылы ой-қиялдарын дамыту;

б) сурет салуға деген қызығушылыққа және талғампаздыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: қуыршақ Әйгерім, оның әдемі көйлек үлгісі, әр балаға бір-бірден көйлек үлгілері, түрлі бояулар, қол сүрткіштер, су.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші балаларға әртүрлі көйлекүлгілерін көрсете отырып, көйлектің түрі өте көп болатынын айтады.

Бірнеше қуыршақтың көйлегін көрсетіп, түсіне, өрнектеріне балалардың назарын аударады.

- Қуыршақ Әйгерім қонаққа әдемі көйлек киіп барғысы келеді.

Сендердің көмектесуге дайын тұратындарыңды біліп, көмек сұрай келіпті.

Балалар қызығушылықпен тыңдайды.

Көмектесетіндері жайлы айтады.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

- Ендеше бәріміз бірге қуыршақ Әйгерімге арнап көйлектерді әдемі етіп безендіріп берейік.

Алдарыңдағы көйлек үлгілерін өздеріңе ұнаған түстерге бояйсыңдар. Ол үшін саусақтарыңды сол түске батырып, әртүрлі көлемдегі дөңгелектер салу арқылы безендіресіңдер. Дөңгелек салудың неше түрі бар екенін естеріңе түсіріп көріңдер.

Тәрбиеші көйлекке дөңгелектерді салу жолдарын көрсетеді. Үлкен домалақтарды саусақпен, кіші домалақтарды қылқаламмен салуға кеңес береді. Оқушылардың қабілетіне қарай дөңгелектерді қылқаламмен салып шығуды ұсынуға да болады.

Балалардың түсті дұрыс таңдауына бағыт береді және қандай түс таңдағанын сұрай отырып бояуды ұсынады.

Рефлексиялық-түзетушілік

Тәрбиеші Әйгерімнің атынан балаларға ризашылығын білдіреді, бәрінің де жақсы жұмыс істегендерін айтып мадақтайды.

Өздерінің жұмыстарына баға береді.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: саусақпен және қылқаламмен ұқыпты жұмыс істеу.

Түсінеді: көйлектердің пішіні, өрнектердің әртүрлі болатындығын.

Қолданады: саусақ және қылқаламды алмастыра отырып көйлекті безендіруді.

28. Күні 17.03.2022ж.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: Өжемнің өрнектері.

Мақсаты: а) түрлі түсті бояуларды пайдаланып текеметті безендіруге үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту;

ә) сурет салуға деген ынта-ықыластарын арттыру;

б) ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: әр балаға бір-бірден текемет үлгілері, қызыл, сары бояулар, қол сүрткіштер, су.

Оқу қызметінің барысы:

Балалар, Айсұлудың әжесі бізге керемет текемет беріп жіберіпті. Киізден жасалған қазақтың, ұлттық үй бұйымы - текеметті көрсетеді. Текеметтер сан түрлі қазақ оюларымен әшекейленуі де мүмкін екенін, қазақ шеберлерінің сәндік қолданбалы өнердің керемет

өрнектерін ұрпақтан-ұрпаққа беріп келе жатқанын айтады.

- Айсұлу өзінің, қуыршақтарына осындай әдемі текеметтің суретін салып берулерінді өтінеді.

Балалар педагогтің текемет жайлы айтқан қызықты

Мәліметтерін тыңдайды.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

- Біз Айсұлудың ойыншықтарына текеметті түрлі түсті бояуларды пайдаланып өрнектеп берейік.

Сендердің алдарыңда аяқталмаған текеметтік суреті тұр, осы текеметті қылқаламды сары, қызыл, көк бояуларға батырып бояймыз.

Алдымен сары түсті ортасындағы шаршыны бояймыз, содан кейін бояуды қызыл түске алмастырып алып, жоғарыдағы және төмендегі үшбұрыштарды бояймыз, енді жасыл түспен оң және сол жақтағы үшбұрыштарды бояймыз.

Тәрбиеші суретті бояған кезде балалардың ұқыпты жұмыс жасауын қадағалайды. «Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны.

Мақсаты: Балалардың ойлау ұшқырлығын, қиялын дамыту мақсатын көздей отырып, балаларға денелердің қандай геометриялық пішіндерге ұқсайтынын тапқызу.

Рефлексиялық-түзетушілік

Тәрбиеші балаларға барлығының да жақсы жұмыс істегенін айтып, мадақтап, текеметтерінің өрнектерінің, әдемілігін Айсұлу әжесіне көрсететінін айтады.

Өздерінің жұмыстарына баға бере қарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қылқаламмен бояған кезде бояуды сызықтың шетіне шығармай, ұқыпты жұмыс жасай білу дағдыларын.

Игереді: үйде тұтынылатын ұлттық бұйымдардың ерекшелігін.

Меңгереді: текеметті бірнеше бояу түстерін алмастыра отырып бояуды.

29. Күні_24.03.2022ж._____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы:Түрлі түсті сақиналар.

Мақсаты:а)қол, саусақ қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету, бояу түстерін ажырату дағдыларын қалыптастыру;

ә) ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту;

б) сурет салуға қызығушылыққа және түстердің үйлесімділігін сезіне білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұлттық киім киген қуыршақ Айсұлу, түрлі түсті сақиналар, қызыл, сары бояулар, қол сүрткіштер, су, ақ қағаз.

Оқу қызметінің барысы:

Тәрбиеші үстел үстіне әртүрлі сақиналарды қойып, оларды жеке-жеке алып көрсетіп, олардың бір-бірінен айырмашылығын сұрайды.

Осы кезде есік қағылады да, топқа қонаққа ұлттық киім киінген қуыршақ Айсұлу келіп кіреді.

- Балалар, Айсұлудың қолында не бар екен? Үстіндегі киімдеріне көңіл аударындаршы. Айсұлу бізге

сыйлыққа, міне, қарандаршы, қандай әдемі, түрлі түсті сақиналар ала келген. Балаларға көрсетіп түстерін сұрайды.

- Сақиналардың пішіні қандай?

Сақиналарды асықпай қарайды.

Айсұлудың киіміне көңіл аударады.

Балалар сақинаның түстерін, пішінін айтып береді.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

- Ал, балалар, осы сақиналарды қағазға бояумен салып көрейік.

Тәрбиеші тақтаға бірнеше сақинаның суретін салып көрсетеді.

- Алдымен ауада салып көрейік.

Балаларға қылқаламды дұрыс ұстап, ауада бір нүктеден бастап айналдыра дөңгелек

жүргізіп, сол бастапқы нүктеге келіп тоқтауды ұсынады. Балалар ауада бірнеше рет

қайталап салып көрген соң қылқаламды бояуға ұқыпты

батырып, ыдыстың шетіне аздап сүйкеп артығын түсіріп, қағаз бетіне сақина суретін салады.

Рефлексиялық-түзетушілік

Тәрбиеші балалардың суреттерін мұқият қарап, талдау жасайды. Ойында ерекше белсенділік көрсеткендері, суретті жақсы салғандары мадақталады.

Балалар салған суреттерін тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қол қимыл-қозғалысын икемдей отырып дөңгелек пішінді салуды.

Игереді: ұлттық киімдер мен бұйымдар туралы мәліметтерді.

Меңгереді: бояу түстерін ажырату, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын.

30. Күні_31.03.2022ж._____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: Жылғалардан су ақты.

Мақсаты: а) көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру; қылқаламмен ирек сызықтар сызуды жалғастырып, бояуды үйрету;

ә) ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

б) жыл мезгілдеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар, көктем мезгілі бейнеленген суреттер.

Қажетті құрал-жабдықтар: ұлттың киім киген қуыршақ Айсұлу, түрлі түсті сақиналар, қызыл, сары бояулар, қол сүрткіштер, су, ақ қағаз.

Алдын ала орындалатын жұмыс: балабақша ауласына мақсатты серуен.

Оқу қызметінің барысы:

Педагог жұмбақ өлең жасыру арқылы бүгінгі сабақтың қай жыл мезгіліне арналғанын сұрайды.

- Сол жыл мезгілінің бейнесін парақ бетіне бейнелейік.

Жыл мезгілі шуақты,

Жердің беті нұрланған.

Сайды қуып су ақты,

Гүлдер өсті ырғалған.

Балалар жауап беруге қиналса, педагог өлеңнің мағынасын түсіндіріп, шешуін өзі айтады.

Сурет бойынша көктем мезгіліндегі болатын өзгерістер туралы өңгімелейді. Балалардан қандай өзгерістерді байқағандарын сұрайды.

Балалар жұмбақ өлеңді ықыласпен тыңдайды.

Балалар суреттен не көргендерін айтып береді.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

Педагог көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып, бүгін су аққан жылғаның суретін салатындарын хабарлайды және қалай салу керектігін түсіндіреді.

- Әрқайсыларыңның алдарыңда гүлдер салынған парақтар бар, қазір біз осы гүлдердің ортасынан жылжып су ағып жатқан көктемгі жылғаның суретін саламыз.

Рефлексиялық-түзетушілік

Іс-әрекет соңында балалар жұмысына талдау жасалады, белсенділік танытқандары, суретті жақсы салғандары үшін мадақталады.

Балалар салған суреттерін

Тамашалайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қол қимыл-қозғалысын икемдей отырып, ирек сызықтар салуды.

Игереді: көктем мезгілінің ерекшелігі туралы білімді.

Меңгереді: көгілдір бояуды тегіс жағу арқылы жылғаның суретін салуды.

31. Күні_7.04.2022ж._____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы:Құстар сайрайды.

Мақсаты:а) кеңістікті бағдарлай отырып үзік сызықтарды салу дағдыларын бекіту;

ә) құстар үнін тыңдау арқылы қуанышты көңіл күй туғызу, оны өз іс-әрекетінде манайындағыларға бере білуге дағдыландыру;

б) құстарға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар

Қажетті құрал-жабдықтар: әр балаға бір-бірден құстың суреті салынған парақтар, ұнтаспа (құстар үні жазылған), фломастер немесе майлы қарындаш.

Алдын ала орындалатын жұмыс: даладағы құстарды бақылату.

Оқу қызметінің барысы:Педагог бірнеше құстардың суретін көрсетіп, олармен жақынырақ таныстырады (көкек, бұлбұл, кептер, бозторғай т.б.)-

Балаларға ұнтаспаға жазылған немесе күйтабақтағы құстар үнін тыңдатады.

- Құстардың сайрағаны сендерге ұнай ма? Әнші құс деп қай құстарды айтамыз?

Педагог міндетті түрде балалардың ойларын тыңдайды.

Балалар ұнтаспадағы

жазылған немесе күйтабақтағы

құстардың үнін тыңдайды, өз ойларын айтады.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

- Енді біз бүгін сурет салу барысында құстардың сайрағанын бейнелеп көрейік.

Сендердің алдарындағы суретте торғайлар сайрағысы келіп тұмсықтарын ашып тұр, бірақ

олардың дыбысы бізге естілмейді. Ол естілу үшін дыбыстарды мына түрде бейнелейміз.

Тақтаға балапанның тұмсығынан бастап үзік сызықтарды солдан оңға қарай тарата

сызады. Бұл шиқылдаған

дыбыстар екенін түсіндіреді.

«Ненің даусы?» музыкалық дидактикалық ойыны.

Ескерту: егер ұнтаспа немесе күйтабақболмаса, шиқылдайтын ойыншық құстарды және су құйып үрлегенде дыбыс шығаратын ойыншық құстарды пайдалануға болады.

Рефлексиялық-түзетушілік

Педагог бүгінгі іс-әрекет барысы туралы балалардан сұрайды. Жасаған жұмыстары туралы айтады және сәтті шыңқан суреттерді атап көрсетеді.

Балаларпедагогтің қойған сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: құстар үнін тыңдау арқылы туындаған қуанышты көңіл күйді өз іс-әрекетінде бере білуді.

Игереді: құстар жайындағы қарапайым түсініктерді.

Менгереді: кеңістікті бағдарлай отырып, үзік сызықтар салуды.

32. Күні 14.04.2022ж. _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: Шөптегі қанқыз.

Мақсаты: а) балаларға шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы салуды үйретуді жалғастыру; шөпті бейнелегенде оның толық; бетті қамтуын қадағалау;

ә) сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру;

б) табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: қанқыз салынған суреті бар парақтар, жасыл майлы бояу, қылқалам, сулы қол сүрткіштер, су.

Оқу қызметінің барысы:

- Балалар, бүгінгі далада ауа райы керемет болып тұр екен, қаласандар саяхатқа шықсақ болады. Әнімізді айтып, серуендеп қайтайық. Қарсы емессіңдер ме?

Балалар қызығушылықпен келіседі.

Өлең жолдарын айтып саяхатқа шығады.

Табиғатқа тамаша

Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. Сәлем саған, Жер ана, Сәлем саған, нұрлы күн, Аман-есен болайық, Саяхатқа барайық!

Ізденіс-ұйымдастырушылық

- Міне, балалар, неше түрлі әдемі гүлдер, шөптер өсіп тұр. Тыңдаңдаршы, шөптің арасынан бір дыбыс естілетін сияқты.

Кәне, құлағымызды тосып тыңдайықшы. Балалар, бұл қоңыз ғой. Бәріміз қоңызбен амандасайық.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Мен - қанқыз деген қоңызбын. Сендерді көргеніме өте қуаныштымын.

Балалар, менің сендерге айтар бір өтінішім бар. Мен үйіме өзімнің табиғат аясында серуендеп жүрген суретімді іліп қойғым келеді. Сендер маған көмектесіп, табиғаттың суретін салып бересіңдер ме?

Педагог балаларға қанқызбен танысқандарына қуанышты екенін айтып, енді топқа барып, оның өтінішін орындауды ұсынады.

Рефлексиялық-түзетушілік

Педагог балалардың жұмыстарына көңілі толып, бүгін барлығының өте керемет жұмыс жасағаны жайлы айтып, суреттерін қанқызға беріп жіберетінін хабарлайды.

Балалар қуана-қуана салған суреттерін жинап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын.

Игереді: қанқыздың түсі қызыл, қара дақтары болатындығын.

Менгереді: сүйкей жағу арқылы шөптердің суретін салуды.

33. Күні 21.04.2022ж. _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: Егістіктегі бақбақтар.

Мақсаты: а) балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін, әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрете отырып, бояумен жұмыс істеу біліктіліктерін жетілдіру;

ә) өздері салған суреттеріне қуана білуге және эстетикалық талғамы мен шығармашылығын дамыту;

б) табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар

Қажетті құрал-жабдықтар: жасыл түсті қағаз, сары гуашь, қылқалам, су, бірнеше түрде салынған бақбақ гүлінің үлгісі.

Оқу қызметінің барысы:

Педагог балалардан серуен кезінде қандай гүлдерді көргендері жайлы сұрайды. Көктем кезінде алғашқы гүлдейтін гүлдің бірі – бақбақ екенін айтады.

- Енді бүгін қандай гүлдің суретін салсақ екен?

- Балалар, мен бір жұмбақ жасырамын, тауып көріңдерші?

Көктем мен жаз шыққанда,

Басына сары қалпақ киеді.

Күзге қарай қалпағы,

Қалқи ұшып кетеді.

Бұл не, балалар? (Бақбақ гүлі)

Ізденіс-ұйымдастырушылық

Педагог балаларға бақбақ гүлінің суретін көрсетеді.

- Суреттен қандай гүлді көріп отырсыңдар? Бұл гүлдің қалай аталатынын кім біледі?

Бұл гүл қай кезде гүлдейді? Бүгін біз егістікте өсіп тұрған, енді гүлдеген бақбақ гүлінің суретін саламыз.

Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар,

Жел бетіме еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үлкен болып өседі.

Педагог бақбақ гүлінің пішінін келтіруге қиналған балаларға көмек көрсетеді.

Рефлексиялық-түзетушілік

Педагог балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырып, бәрінің де жақсы салғандарын айтып мадақтайды

Өздерінің салған суреттері жайлы әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қылқаламмен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын.

Игереді: бақбақ гүлі қайда өсетінін, нашан гүлдейтінін.

Менгереді: сары түсті бояуды пайдалана отырып, қылқаламды басып салу арқылы бақбақ гүлінің суретін салуды.

34. Күні 28.04.2022ж. _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы: Мерекелік отшашу.

Мақсаты: а) мерекелік отшашудың әдемілігін сурет арқылы жеткізуге, отшашудың суретін салуға үйрету;

ә) бояумен жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіру;

б) әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар, мерекеге байланысты суреттер.

Қажетті құрал-жабдықтар: әр балаға бір-бірден әртүрлі түспен боялған қағаз, жасыл, сары, қызыл бояулар, қыл-қалам, су.

Оқу қызметінің барысы: - Балалар, түнгі мерзімде адамдар алаңға баратын қандай мерекені білесіңдер? Сендер ата-аналарыңмен түнгі кезеңде мерекеге барғанда не көрдіңдер?

- Өкініштісі сол, сендердің ойыншықтарыңның өз бетімен мерекеге баруға шамалары келмейді, сондықтан олар сендерден мерекелік отшашудың суретін салып берулерінді сұрайды.

Балалар не көргендерін әңгімелеп береді.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

Сендердің алдарыңда әртүрлі түспен боялған қағаз жатыр, өздеріңе ұнаған түстерге қылқаламды батырып, сүйкей жағу арқылы отшашуды салыңдар, әр түсті пайдаланған кезде қылқаламды тазалап отыру керек екенін ұмытып кетпеңдер.

Егер тазалап отырмасаңдар, сендер таңдаған түсті дұрыс шығара алмайсыңдар.

Сергіту сәті:

Біз гүлдерше өсеміз,

Жапырағы жайқалған.

Сабақтары салалы,

Желге ырғалып жайқалған.

Отшашу салуға қиналған балаларға педагог көмекке келеді, бағыт-бағдар береді.

Қылқаламды дұрыс ұстауларын қадағалайды.

Рефлексиялық-түзетушілік

Педагог балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырып, бәрінің де жақсы салғандарын айтып мадақтайды.

Өздерінің салған суреттері жайлы әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қылқаламмен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын.

Игереді: отшашудың қай кезде жасалатынын.

Менгереді: түрлі түсті бояуларды пайдалана отырып, сүйкей жағу арқылы отшашудың суретін салуды.

35. Күні_5.05.2022ж._____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы:Қошақандарға шөп береміз.

Мақсаты:а) жасыл түсті пайдалана отырып шөптердің суретін салуға үйрету;

ә) саусақ бұлшық еттерін, қол қимыл-қозғалыс икемділіктерін дамыту;

б)үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар, үй жануарларының суреттері.

Қажетті құрал-жабдықтар: жасыл бояу, қылқалам, су, әр балаға үлестірмелі сурет, сүлгі.

Оқу қызметінің барысы:Педагог суреттерін көрсете отырып үй жануарлары және төлдерімен балаларды таныстырады, әрқайсысы қалай аталатыны жайлы балалармен әңгімелеседі.

Ауылға барғанда малдардың, төлдерін көргендері жайлы және қойдың төлін «қошақан» деп атайтыны туралы естеріне түсіреді.

- Мына бір қошақанның қарны ашып кетіпті, біз сол қошақанға шөп берейік.

Қошақанның суретін көрсетеді.

Балалар ауылда не көргендері жайлы әңгімелеп береді.

Балалар суреттегі қошақанға аяушылықпен қарайды.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

- Сендердің алдарында сүйкімді қошақанның суреті салынған

қағаздар бар, әркім өз қошақанына шөп береді, яғни шөптің суретін салып береді.

Педагог шөптің суретін салу жолдарын түсіндіреді.

Қылқаламды ұқыпты ұстап, төменнен жоғары қарай сүйкей жағу арқылы шөптің суретін салуға болатынын өзі қимылмен көрсете отырып, түсіндіреді.

Жасыл түсті бояуды ұқыпты пайдалану жөнінде және қағаз бетіне тегіс, тұтас шөпті салу үшін қолды қатты баспай, жеңіл қимыл жасау керектігі туралы кеңес береді.

Қылқаламның ұшы тым жоғары көтерілмеуін ескертіп айтады.

Шөпті біркелкі етіп салуға икемдері келмей қиналған балаларға педагог үнемі көмекке келіп отырады.

Жұмыс соңынан бәрі бірігіп «Қошақан» әнін орындайды.

Рефлексиялық-түзетушілік

Педагог балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырып, бәрінің де жақсы салғандарын айтып мадақтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қылқаламмен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын.

Игереді: үй жануарларына деген қамқорлық сезімін.

Меңгереді: жасыл түсті бояуды пайдалана отырып, сүйкей жағу арқылы шөптің суретін салуды.

36. Күні 12.05.2022ж. _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Өнерлі екенғой он саусақ»

Тақырыбы:Доптар.

Мақсаты:а)балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда салуды үйрету;

ә) саусақтарының икемділіктерін арттыру;

б) өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялықматериалдар.

Қажетті құрал-жабдықтар: әр балаға құм салынғаныдыстар, қол сүрткіштер.

Оқу қызметінің барысы:

Педагог балаларға құм басқан шөл далаға саяхатқа баратындары және осы құмның бетіне әртүрлі бейнелер

салуға болатыны жайлы әңгімелейді.

Балалар алдарындағы құмды ұстап, алақандарымен сипап,оны үйіп көреді, педагог олардың несезінгендері жайлы сұрайды.

Балалардан педагог «шашылады», «үйіледі», «жиналады» т.б. сөздерді айтуды талап етеді.

Балалардың қызығушылығы оянады.

Балалар өздерінің құмды ұстағаннан кейін не сезгендерін айтады.

Ізденіс-ұйымдастырушылық

Педагог балаларға бүгінгі күннің тамаша сәулесін шашып, шаттық көңіл күйін сыйлап тұрғанын айтады.

- Қараңдаршы, құмның үстінде жатқан не?

- Доптың пішіні қандай?

Дұрыс айтасыңдар, Құм әлемі сендерден саусақтарыңмен алдарындағы құмға доптардың бейнесін салуды сұрайды? Саламыз ба?

Салмас бұрын ауада салып көрейік.

- Кәне, бәріміз сұқ саусағымыздың көмегімен құмның бетіне үлкен және кіші доптарды салайық.

Балалар бір доптың суретін оңай салып болса, әр балаға бірнеше доптың суретін саусақпен салу ұсынылады.

Рефлексиялық-түзетушілік

Педагог балаларға өте шебер екендіктерін және келешекте көптеген бейнелерді оңай сала алатындары жайлы айтып, серуенге шығуларын сұрайды.

Балалар өз жұмыстарына риза болып, серуенге дайындалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: құмға саусақ арқылы бейне салуға болатындығын, құрғақ және дымқыл құмның айырмашылығын.

Игереді: доптың қозғалысын іс-әрекет арқылы көрсетуді.

Меңгереді: құмның бетіне саусақ арқылы доптың суретін салуды.

Бекітемін:

«Ележан» бөбекжай

балабақша

менгерушісі Ш.Нурманов



Вариативтік компонент

ортанғы «Балапан» тобы

«Ертегілер елінде»

(Балалардың қызығушылығына арналған оқу қызметі)

Тәрбиешісі: З.Мамраймова

2021 – 2022

Ертегілер елінде

Қайдан келдің бауырсақ?-----	1
Бір үзім нан -----	2
Бір уыс мақта -----	3
Бір қазан сүт-----	4
Мақта қыз бен мысық-----	5
Сәруар -----	6
Қарлығаштың құйрығы неге айыр -----	7
Ұр тоқпақ ертегісі-----	8
Қызыл телпек ертегісі -----	9
Күншіл үйрек-----	10
«Кір қоймас» өлеңі-----	11
Дос іздеген бота -----	12
Қаңтар мен ақпан ертегісі -----	13
Ең қымбат байлық -----	14
Еңбек пен тапқан нан -----	15
Еңбек пен безгек-----	16
Мақтаншақ қоян -----	17
Байлық пен ақыл -----	18
Қасқыр ,түлкі,әтеш-----	19
Қырыққабат пен алма-----	20
Орман дәрігері -----	21
Ұсқынсыз балапан -----	22
Күшік пен мысық-----	23
Балабақша ағаштары -----	24
Жақсылық пен жамандық -----	25
Кім неден күшті? -----	26
Торғай мен түлкі -----	27
Қайырымды қоян ертегісі-----	28
Жыл басына таласқан хайуанаттар ертегісі-----	29
Төрт дос ертегісі-----	30
Саңырауқұлақ саясында ертегісі -----	31
Қысқы баспана ертегісі -----	32
Түймеқыз ертегісі-----	33
Түлкі мен тырна-----	34
Алтын балта-----	35
Түлкі мен ешкі-----	36

Технологиялық картасы №1

Күні:..07.09 2021ж.....

Білім беру саласы: Коммуникация

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңі.

Мақсаты:Өлеңді оқып беру түсіндіру барысында сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Диалогты сөйлеуге үйрету. Бауырсақтың дастарханға қандай жолмен келетінін түсіндіру. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс:дихан, наубайхана, дүкен.

Қажетті материалдар:бауырсақ, қуыршақ егіннің суреттері

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жұмбақ жасыру Ұзын мұртты сарылар, Қойнында дәні бар.	Балалардың жауабы (Бидай).
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Сұрақ-жауап: Бидайдан не жасалады? Ө.Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңін балаларға оқу. Өлеңде не туралы айтылады? Бауырсақ қайда жатты? Бауырсақ наубайханаға қайдан келді? Диірменге ше? Дикан бидайды қалай өсірді? Балаларды рөлге бөліп ойнату.	Ертегіні мұқият тыңдайды. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалар ертегіні рөлге бөліп ойнайды.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Оқу іс-әрекеті соңында сұрақтар қою арқылы балалардың ойларын қорыту. - Балалар, бауырсақ дастарханға қайдан келеді екен?	Балалар сұрақтарға жауап береді.

	- Бауырсақ дастарханға келу үшін кімдер еңбек етеді екен? Балаларды мадақтау.	
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: өлеңді мұқият тыңдау.

Болу керек: нанды қастерлей білу.

Үйрету керек: үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Технологиялық картасы №2

Күні: ..14. 09 .2021ж.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив. Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Бір үзім нан».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: нан-хлеб, бай-богач, кедей-бедняг.

Қажетті материалдар: бай, кедей.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.

Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Бір үзім нан». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Бай мен кедейдің бір-бірімен қарым-қатынасы қандай болған? Бай мен кедей адамның тұрмыс жағдайы қандай? Кедей адам өмір тіршілігін қалай көрген? Көктемде не болған? Су тасқыны неше күнге созылады? Бай кедейден не сұрайды? Бай кедейге бір үзім нанға не беремін дейді? «Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» деген мақалды қалай түсінесіңдер? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті «Бала, бала, баламыз». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі.	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: ертегіні әңгімелеуде өз ойын еркін жеткізуге үйрену.

Технологиялық картасы №3

Күні: 21.09.2021ж.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив. Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Бір уыс мақта».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: қыз-девичка, апа-бабушка, торғай-воробей, тұмсық-клюв.

Қажетті материалдар: қыз, апасы, торғай.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді. Күні: 21.05.2021 жыл
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Бір уыс мақта». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Қыз нені жамап отырды? Анасы қызына не деді? Қыз терезеден нені лақтырып жіберді? Мақтаны не алып кетті?	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап

	Анасы қызына не деді? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға- солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің көрініс сахналау.	береді. Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс- әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстындар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Технологиялық картасы №4

Күні: ..28.09.2021ж.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Бір қазан сүт».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс:

Қажетті материалдар:қыз, апасы, торғай.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Бір қазан сүт». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Нені пісіріп үйдің іргесіне қойды? Төгіліп қалды ма? Біреу ішіп кетті ме? Бір қазан сүт қайда кетті? Нелер келіп ішіп кетті? Қазан түбін қырнап кеткен қайсысы? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі. Ертегінің көрініс сахналау.	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.

Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.
---	--	--------------------------------

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Технологиялық картасы №5

Күні: ...05. 10.2021ж.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық» ертегісі.

Мақсаты:Ертегі жанрымен таныстыруды жалғастыру, ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегілердің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс:мысық-кошка, қыз-девочка, тауық-курица, ағаш-дерево.

Қажетті материалдар: саусақ театры.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Кейіпкерін тап» ойынын ойнату. Балаларға бұрыннан білетін ертегілер кейіпкерлерінің суреттерін көрсету.	Балалар суретке қарап қай керттегінің кейіпкері екенін табады.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Әңгімелеу Балаларға ертегілер, көбінесе, өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін ойдан шығарылған оқиғалар екенін айту. «Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқу, талдау. Сергіту жаттығуы «Біз бақшаға барамыз». Көзге арналған	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды.

жаттығу: «жоғары,

	төмен. Ертегіде кездескен жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді балалардан сұрау: Мысық неге айранды төгіп тастады? Мақта қыз не істеді? Мысық кімдерден көмек сұрады? Ертегіні сахналау. Рөлдерді бөлісуде балаларға бағыт беру және көмектесу.	Балалардың жауабы тыңдалады. Балалар өзара кейіпкерлерді бөлісіп сахналайды.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Ертегі ұнады ма? Балаларды мадақтау.	Балалар өз ойларын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.

Технологиялық картасы №6

Күні: ...12. 10.2021ж.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Сәруар» ертегісі.

Мақсаты:Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегіні оқып бере отырып батылдыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бағлауға үйрету. Ертегіні рөлге бөліп сахналата отырып достыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс: аю-медведь, қасқыр-волк, түлкі-лиса, қоян-заяц, ай-луна.

Қажетті материалдар: саусақ театры, қасқыр, аю, қоян, түлкі.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Дидактикалық ойын: Менің досым Мақсаты: адам бойындағы жақсы қасиеттерді айта білуге баулу.	Балалар шеңбер бойына тұрып, бір-біріне гүл ұсынып, достарының жақсы қасиеттерін айтады.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Сұрақ-жауап Айға ұшқыларың келе ме? Айға ұшуымыз үшін қандай болуымыз керек? Айға немен ұшады? С.Оспановтың «Сәруар» ертегісін оқу. Сергіту жаттығуы: Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз! Әрқашан да тілектес, Досыңа көмектес. Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою арқылы балалардың ойларын толықтыру. Көзге арналған жаттығу «алыс, жақын». Сәруар қайда ұшпак болды? Не үшін аюға барды? Қасқыр келісті ме? Түлкі ше? Қоян неге қорықты?	Балалар өз ойларын айтады. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді.

	Айға ұшуға күшік пен мысық неге келісті? Сәруардың нағыз достарын ата.	
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Айға ұшу сендерге ұнарма еді? Айға ұшу үшін қандай болу керек? Айға ұшқанда қасыңа кімді алар едің? Оқу іс-әрекетіне белсенді қатысқан балаларды мадақтау.	Балалардың жауабы тыңдалады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі арқылы достыққа тәрбиелеу.

Технологиялық картасы №7

Күні: ...19. 10.2021ж.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі.

Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, қарлығаштың адамға дос құс екенін түсіндіру. Сөздік қорларын молайтып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Ертегі арқылы балаларды бір-біріне көмектесуге, достыққа тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: қарлығаш-ласточка, жылан-змея, маса-комар.

Қажетті материалдар: қарлығаш, маса, жыланның суреттері.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жұмбақ Бұдыр-бұдыр балшықты, Жинап әкеп талшықты. Ұқсатып қамытқа, Үй салатын жабыққа. Екі айыр құйрығы, Ұшқыш құстың жүйрігі. Бұл қандай құс?	Балалар жұмбақтың шешуін айтады (қарлығаш.)
Ұйымдастырушы, ізденушілік	«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін оқу. Сергіту жаттығуы: Қане, қанат қағайық, Ұшы-ұшып алайық. Орнымызға қонайық. Қарлығаш болып ұшайық, Торғай болып қонайық. Сауысқан болып секіріп, Тоқылдақ болып шоқиық. Көзге арналған жаттығу «оңға, солға». Ертегі мазмұнына сәйкес сұрақтар қою: Жылан қандай арыз айтты? Шіркей мен маса не іздеуге шығады? Маса қарлығашқа неге жауап бермеді? Қарлығаш ұясын қайда салды? Қарлығаштың құйрығы неге айыр? Ертегіні сахналату.	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасау. Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді. Балалар ертегіні өз түсінгендерінше сахналайды.

Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Қиындықта достарыңа көмектес. Қарлығаш – адамға дос құс.	Балалар құстарды қорғауға уәде береді.
---	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі арқылы достыққа тәрбиелеу.

Технологиялық картасы №8

Күні: ...26. 10.2021ж.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Ұр, тоқпақ» ертегісі.

Мақсаты: Ертегі жанрымен таныстыруды жалғастыру, ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегілердің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Ұй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс: шал-старик, кемпір-старуха, тырна-журавль, есек-осел.

Қажетті материалдар: саусақ театры.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Кейіпкерін тап» ойынын ойнату. Балаларға бұрыннан білетін ертегілер кейіпкерлерінің суреттерін көрсету.	Балалар суретке қарап қай керттегінің кейіпкері екенін табады.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Әңгімелеу Балаларға ертегілер, көбінесе, өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін ойдан шығарылған оқиғалар екенін айту. «Ұр, тоқпақ» ертегісін оқу, талдау. Сергіту жаттығуы «Біз бақшаға барамыз».	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс

	Көзге арналған жаттығу: «жоғары, төмен. Ертегіде кездескен жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді балалардан сұрау. Ертегіні сахналау. Рөлдерді бөлісуде балаларға бағыт беру және көмектесу.	жасайды. Балалардың жауабы тыңдалады. Балалар өзара кейіпкерлерді бөлісіп сахналайды.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Ертегі ұнады ма? Балаларды мадақтау.	Балалар өз ойларын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні мұқият тыңдай білу.

Болу керек: ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.

Үйрету керек: ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.

Технологиялық картасы № 9

Күні:02 11.2021ж.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қызыл телпек».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: қыз-девушка, апа-бабушка, қасқыр-волк, аңшылар-охотники.

Қажетті материалдар: апа, қыз, анасы, қасқыр, аңшылар.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Балалар бір-біріне жылы лебіздерін айтады. Айдана, сен сүйкімдісің! Асанәлі, сен мықтысың! Айшат, сен көріктісің!...	Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Қызыл телпек». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Балаларға ертегінің мазмұны туралы сұрақтар қойылады: Ертегі не жайлы? Анасы қызына туған күніне не сыйлайды? Көршілері қызды не деп атап кетті? Анасы қызыл телпекке әжесіне не апарып кел деді? Қызыл телпекке орманда алдынан не кездеседі? Қасқыр қыздан не сұрады? Бірінші болып әжесіне кім жетті? Қасқыр әжесіне не істеді? Әжесінің орнына кім жатты? Бірінші болып әжесіне кім жетті? Қызыл телпек әжесіне қандай сұрақтар қойды? Қасқыр қалай жауап берді?	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Көздеріне жаттығу жасайды.

Осы кезде үйдің

	жанынан кімдер өтіп бара жатты? Қызыл телпек пен әжесін кімдер құтқарды? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «Оңға- солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Тәрбиеші қиналып отырған балаларға көмектеседі.	Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс- әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: ертегіні әңгімелеуде өз ойын еркін жеткізуге үйрену.

Технологиялық картасы № 10

Күні:....09. 11.2021ж.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде.

Тақырыбы: «Күншіл үйрек».

Мақсаты: балалардың ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын ояту және оның мазмұнын түсінуге, образға енуін қамтамасыз ету. Ертегіні әңгімелеуде балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге баулу. Ертегіні рөлге бөліп, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Көру мүмкіндіктерін дамыту.

Сөздік жұмыс: ор қазсаң.

Қажетті материалдар: Үйректің суреті.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларды шеңбер жасап тұрғызып, бір-біріне ертеңгілік жылы лебіздерін білдіру. Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым!	Балалар бір-бірінің қолын ұстасып, жылы лебіздерін сезінеді.
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде біз ертегімен танысамыз. «Күншіл үйрек». Тәрбиеші ертегіні оқып береді. Сұрақтар бойынша жұмыс: Ертегі не жайлы? Сұңгуір үйрек нелерді көре алмапты? Үйрек бір күні не көріпті? Оған не депті? Түлкі не депті? Түлкі аққуларды ұстай ала ма? Қарны аш түлкі сұңгуір	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.

	үйректі не істейді? «Біреуге ор қазсаң, өзін түсесің» деген мақалды қалай түсінесіңдер? Ең соңы қалай аяқталды? Сергіту сәті «Орнымыздан тұрайық». Көз жаттығуы: «оңға-солға»...(1-2 мин). Балалар ертегіні сахналайды. Тәрбиеші кейіпкерлерді бөліп береді. Саусақ театры (ертегінің көрініс көрсету). Ертегінің көрініс сахналау.	Көздеріне жаттығу жасайды. Балалардың өз бетінше сахналауы.
Баланың іс-әрекетін бағалау және қорытындылау	Бүгінгі оқу іс-әрекетінде қандай ертегімен таныстық? Оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма? Бәрің де жақсы қатыстыңдар. Рахмет.	Балалар өз ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: ертегіні тыңдай білу.

Болу керек: баланың мазмұндауы және образға енуі болу керек.

Үйрету керек: тыңдаған ертегіні естерінде сақтап, қайта мазмұнын жеткізіп айтуға үйрету.

Технологиялық картасы №11

Күні: ...16.11.2021ж.....

Білім беру саласы: Коммуникация.

Оқу қызметі: Вариатив.Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Кірқоймас» өлеңі.

Мақсаты:балаларды жалқаулықтан жирентіп, еңбекке жақын болуға, тазалыққа тәрбиелеу. Көз бұлшық еттерін дамыту.

Сөздік жұмыс:сүлгі-полотенце, сабын-мыло, су сабын-шампунь, айна-зеркало.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жұмбақ өлең «Бұл не?»	Балалардың жауабы

	1. Ертемен күнде сен, қолыңа сүйкесең, Кетіп кір ласың, тап-таза боласың. Бұл не? 2. Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды.	Сабын Сүлгі
Ұйымдастырушы, ізденушілік	Тазалық тақырыбына әңгімелесу: Тазалық дегеніміз не? Не таза болу керек? Дені сау адам қандай болады? К.Чуковскийдің «Кірқоймас» өлеңін оқу, талдау. Өлең мазмұнына сәйкес сұрақтар қою. Баланың киім- кешектері неге қашты? Бала үйге келіп не істеді? Бала жуынғаннан кейін не өзгерді? Балаға қандай заттар дос болуды ұсынды? Бала тазалықтың арқасында нені түсінді? Сергіту сәті: «Шашымды да тарадым». Көзге арналған жаттығу «оңға, солға». Адамның іс-әрекетіне байланысты тиымдар мен ырымдарды айту, түсіндіру. Жуған қолды сілкісе, ырыс-несібе кетеді. Кірдің суын басуға болмайды. Барлық жаманшылық кірдің суымен кетеді, оны басу	Ертегіні мұқият тыңдайды. Қол, киім, ой Көңілді, мықты Балалар өлең жолдарын мұқият тыңдайды. Тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді. Өлең жолдарына сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды. Тиым сөздерді естерінде сақтайды.

	сол жамандықты үйіңе әкелгенмен тең.	
Сергіту сәті:

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Жекелеген заттарды жиынтықтан бөліп алу.

2-тапсырма. «Жол» түсінігімен жұмыс.

3- тапсырма. «Баған» түсінігімен жұмыс.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

15сабақ. 14.12.21ж

Тақырыбы: Бір. Көп. 1 саны мен цифры. Жол. Баған.

Мақсаты: жиынтықтан жекеленген заттарды бөліп алу іскерлігін дамыту;

Көрнекіліктер: доп, көз байлайтын орамал, санақ таяқшалар.

I.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген санау дағдыларын тексеру;

- Біз «Бөлмеде не бар?» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Тәрбиеші сұрақ қойып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады. Сұрақтарды кезектестіріп береді, осымен қатар балалардың жауаптарының қайталанбауын бақылайды.

- Біздің бөлмемізде не туралы «ол біреу» дер айтуға болады?

- Біздің бөлмемізде не туралы «ол көп» деп айтуға болады?

Бойжазудан кейін тәрбиеші сабақтың тақырыбын жариялайды.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Көрнекі суреттер мен ойын жағдайларының мысалында балалар «Неше» (Қанша?) деген сұрақта қоюды үйренеді. Өз жауаптарында балалар «біреу» және «көп» деген сөздерді қолданады. Тәрбиеші тақтаға 1 саны бар карточка іледі; 1 санының қалай шығатынын түсіндіреді;

«Бізге сандар не үшін керек? Біз сандарды қайда кездестіреміз?» деген тақырыпты талдау өткізу.

2-шә ойын. «Бір және көп»

Мақсаты: «бір» және «көп» ұғымдары туралы түсініктер қалыптастыру.

Балалар тақтаға шығып, тәрбиешінің айнала қоршап тұрады. Тәрбиешінің іс-әрекетін (мысалы: алақан соғу) айтады., сосын «бір» және «көп» деген сөздерді кезекпен айтады. (мысалы: бір, көп, көп, көп, бір, т.с.с) Қателескен балалар ойыннан шығып, орындарына барып отырады. Тәрбиеші одан соң басқа әрекеті атайды. (қол көтеру), сөйтіп ойын жалғасады.

3-ші ойын: «Сұрақ ойлап тап»

Мақсаты: «Неше? (Қанша) сұарғын қоя білу іскерлігін қалыптастыру; заттарды түрлі белгілері бойынша салыстыра іскерлігін дамыту; «кесте», «жол», «баған» түсініктерінмен танысу. Топпен жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Топтар бойынша жұмыс істеу. Әрбір топтың фигуралары бар кесте(төменде) үлестіреді. Топтардың міндеті – неше, қанша, деген сөзбен барынша көп сұрақ ойлап табу, ал жауабы бір немесе көп болуы керек. Мыс: үшбұрыш нешеу? Ақ түсті фигуралар нешеу?

Сергіту сәті:

IV. Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Жекелеген заттарды жиынтықтан бөліп алу.

2-тапсырма. «Жол» түсінігімен жұмыс.

3- тапсырма. «Баған» түсінігімен жұмыс.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V. Рефлексия.

16- сабақ. 21.12.21ж

Тақырыбы: 2 саны мен цифры.

Мақсаты: 2 санымен және цифрымен таныстыру. «сандық қатар» түсінігін қалыптастыру; «Неше?» және «Нешінші» сұрақтарын салыстыру.

Көрнекіліктер: доп, 1 , 2 сандары бар карточкалар, заттардың суреттері.

I.ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген санау дағдыларын тексеру;

-Біз «Ойланбастан жауап бер» деп аталатын бойжазу өткізу.

Сұрақ қойып, допты лақтырады. Бала жауап беріп допты қайта лақтырады.

- Сенің мұрның нешеу? т.с.с.

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

1,2 сандары бар карточкаларды іледі;балаларды «сандық қатар» түсінігімен таныстыру;
2цифрының жазылуымен таныстыру;

1-ші ойын: «Сана және көрсет»

Мақсаты: 2-нің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту; зейінді және қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту;

1 немесе 2 зат бейнелеген суреттерді көрсету. Егер суреттегі зат 1-еу болса балалар қолдарын алға соззу керек, егер зат 2-еу болса, онда қолдарын иықтарына қояды. Бірде бір бала қателеспеген бала жеңіске жетеді.

2-ші ойын: «Моншақтарды жина»

Мақсаты: 2-нің көлемінде реттік санау дағдыларын дамыту; фигуралардың қайталану реттілігін құру іскерлігін қалыптастыру.

Балалар тәрбиешіге қарап қатар түзеп тұрады. екі топқа бөлінеді. Әр топқа 2 түсті қағаз дөңгелектердің барлығы пайдалынатындай етіп құрастыруы керек.

Мыс: 

Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Суретті 1,2 сөздерін пайдаланып сипаттау;

2-тапсырма. Майрампаздар киімінің бөлшектерінің пішіні мен түсін салыстыру;

3-тапсырма. Логикалық ойлауын дамыту;

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V.Рефлексия.

17 сабақ. 28.12.21ж

Тақырыбы: 3 саны мен цифры.

Мақсаты: 3 санымен және цифрымен танысу; 3-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту.

Көрнекіліктер: доп, 1-3 сандары, карточкалар.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайда көрсету;

-Біз «Тура келетін сөзді толықтыру» деп аталатын бой жазу.Допты лақтыра отырып,

Қайың, қарағай...(емен)

Сазан, шортан, (табан)

Раушан, лала, ... (түймедақ)

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Бойжазудың қорытындысын жасағаннан кейін әр топқа қатысты неше сөз айтылғанын анықтауды ұсынады. 2 сөз болған енді 3 сөз болды. Бүгін сабақта 1-3сандары бар суреттер арқылы сабақ түсіндіріледі. Бекіту үшін ойын ойнау;

1-ші ойын. «Ошаған»

Мақсаты: 1-2 сандары туралы білімдерді бекіту; 3 санымен және цифрымен танысу; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.

Балаларға 1-3 аңдарын беріледі. Балалар ошағанның тікенегін бейнелеп, бөлме ішінде ұшып жүреді.музыка тоқтап қалғанда. Әр бала өз жұптарын тауып алады. Жұбын таба алмаған бала жеңіледі.

Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. 1,2,3 сөздерін қолданып, суретті сипаттау; 3-тің көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту;

2-тапсырма. Заттардың белгілерін анықтау; есептік және реттік санау.

3 тапсырма. Фигуралардың белгілерінің өзгеруі.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V.Рефлексия.

18 сабақ. 04.01.22ж

Тақырыбы: 4 саны мен цифры.

Мақсаты: 4 санымен және цифрымен танысу. 4-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту.

Көрнекіліктер: доп, 1-4 сандары бар карточкалар, санақ таяқшалар, геометриялық фигуралар әртүрлі орналасқан плакаттар.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету.

Түрлі тапсырманы айтып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп қайта лақтырады.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Бойжазуда бала неше сөз айтқанын анықтау ұсынылады. Тақтаға 1-4 сандары бар карточкаларды іледі. 4 саны қалай шығатын таныстырады.

1-ші ойын: «Керек санды көрсет»

Мақсаты: 4-тің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту.

Қарындашпен үстелді 4-тің көлемінде бірнеше рет соғады, балалар қарындаштың неше рет соғылатына сәйкес саны бар карточкаларды көтеру.

2-ші ойын: «Есте сақтағаны бойынша айтып беру»

Мақсаты: 1-3 цифрлары туралы білімдерді бекіту; 4 санымен және цифрымен танысу.

Заттарды әртүрлі белгілері бойынша ажырата білу және қағаз бетінде бағдарлау іскерлігін дамыту. есте сақтау да дамыту.

Тақтаға түстерімен өлшемі әртүрлі 1-4 цифрлары жазылған плакат ілінбеді. Плакатты алып тастап 4 саны қандай түспен берілгенің сұрау, т.с.с. қағаз бетінде орналасқан сандарды есте сақтап қалу.

Сергіту сәті:

IV. Дәптермен жұмыс.

1- тапсырма. «Төрт», «артық», «кем» сөздерін пайдаланып суреттерді сипаттау.

2- тапсырма. Заттарды есептік және реттік санау. 1-4 сандарының реттілігімен жұмыс істеу.

3- тапсырма. Зейінді және логикалық ойлауды дамыту.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V. Рефлексия.

19 сабақ, 12.01.22

Тақырыбы: Төртбұрыш. Текше.

Мақсаты: төртбұрышпен оның ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Текше түсінігін қалыптастыру. Шаршы мен текшенің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау.

Көрнекіліктер: доп, заттардың суреттері, әртүрлі төртбұрыштар салынған карточкалар, түстері мен өлшемдері әртүрлі текшелер.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген салыстыру дағдыларын тексеру.

-Біз «Қайсысынікі үлкен?» деп аталатын әзіл –қалжын бойжазу өткіземіз.

Сұраққа жауап беру

-Қайсысының жапырақтары үлкен: Гүлдің бе әлде ағаштың ба?

-Қайсысының қанаттары үлкен : көбелектің бе әлде ұшақпа? т.с.с.

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балалар көрнекілікті пайдаланбастан 4тің көлемінде салыстыруды үйренеді. Одан әрі балалардың төртбұрыш және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін бекіту мен кеңейту бойынша жұмыстар жүргізіледі. Балалар әуелә шаршы мен тікбұрыш,оларды ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарап шығады.

Мұғалім сосын басқа да төртбұрыштармен таныстырады. Балалар төртбұрыш- бұл төрт бұрышы және төрт қабырғасы бар фигура, ал оның шаршы немесе тікбұрыш болуы шарт емес екендігін анықтайды. Балалар төртбұрыштарды түсіне, өлшеміне қарап ажыратуды, қағаз бетінде қарапайым құрылыстар құрылыстар жасауды және санақ таяқшаларының фигуралар жасауды үйренеді. Балалардың жалпы дамуы үшін Неліктен терезелер (есіктер) төртбұрышты? Ал оларды үшбұрышты етіп жасаса, не болар еді? Деген тақырыпта пікірталас өткізуге болады. мұнан әрі мұғалім балаларды текше түсінігімен таныстырады, шаршы мен текшеге салыстырмалы талдау жасауды, олардың ұқсастықтары мен айырмақшалықтарын анықтауды ұсынады.

Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ойын.Кім тезірек айтады?

Мақсаты: 4-тің көлемінде есептік санауды дамыту жиынтықтарды салыстыру іскерлігін дамыту.

Мұғалім сұрақтар қойып, мөлшері әртүрлі заттар салынған суреттердікөрсетеді Қайсысы аз жаңғақтар ма әлде бүршіктер ме? Т.с.с. Бірінші болып қол көтерген бала жауап береді. Әрбір дұрыс жауап үшін мұғалім фишка береді. Кім көп фишка жинаса, сол жеңеді.

2-ойын. Қисық айналар патшалығы.


Мақсаты: шаршы туралы түсініктердің негізінде төртбұрыш түсінігімен тәжірибелік танысу.

Мұғалім Қисық Айналар Патшалығына қашып кеткен Шаршы туралы ертегі оқиғасын айтып береді ...Шаршы қисық айнаға жүгіріп барып, оған қараған кезде ол жақтан аздап шаршыға ұқсас фигуралар атып шығадыСосын мұғалім әртүрлі төртбұрыштар салынған карточкаларды көрсетіп, оларды шаршымен салыстыруды ұсынады, мұнан кейін сурет салатын қағазды таратып, шаршыдың өзгеше 4 төртбұрыштың суретін салуға тапсырма береді. Бұл тапсырманы дұрыс және басқалардың тез орындап шыққан бала жеңеді.

3-ші ойын. Фигураны тап

Мақсаты: жазық геометриялық фигуралардың кеңістікте денелермен арақатынасын анықтау іскерлігін дамыту командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Мұғалімнің үстелінде түстерімен өлшемдер әр түрлі бірнеше текше жатады. Командалар бойынша жұмыс істеу. Әр командаға мұғалім текшелердің фотосуреттерін (үлгіні қараңыз) үлестіреді. Қатысушылар өздеріне фотосуреттері берілген текшелерді табуға тиіс. тапсырманы дұрыс және басқалардың тез орындаған команда жеңеді.



Сергіту сәті:

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Сонша түсінігімен жұмыс істеу.

2-тапсырма. Заттар жиынтықтарын артық,кем,тең, түсініктерін пайдаланып салыстыру
«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

20 сабақ. 18.01.22ж

Тақырыбы:Сандарды салыстыру.

Мақсаты: заттар жиынтықтары (олардың шамалары мен орналасуына қарамастан) мен сандарды (көрнекілігі материалына сүйенбестен) «>», «<», «=» белгілерінің көмегімен салыстыру іскерлігін қалыптастыру.

Көрнекіліктер: доп, «>», «<», «=» белгілерінің

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету;

-Біз «Артық-кем» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Мұғалім тапсырманы жариялайды Мен бір санды айтамын, сендер айтылған саннан 1-ге артық(кем) санды атайсындар, сосын допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады. Бойжазудан кейін мұғалім сабақтан тақырыбын жариялайды.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Мұғалім балаларға арнайы белгілері бар екендігін, олардың көмегімен сандарды салыстырудың нәтижелерін жазуға болатынын түсіндіреді. Мұғалім тақтаға «<», «>», «=» белгілері бар карточкаларды іледі және балаларды сандарды салыстыру нәтижелерін жазу әдістерімен (әуелі нақты заттар топтарының мысалында, сосын көрнекілікті пайдаланбастан) таныстырады. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Қоншықтар биі»

Мақсаты: 4-тің көлемінде есептік санау дағдыларды бекіту; 4-тің көлемінде сандарды салыстыру іскерлігін дамыту қимыл қозғалыс белсенділігін дамыту;

Ойынға қатысушылар мұғалімнің айналысында тұрып аюдың қлншықтарын бейнелейді. Мұғалім дағыраны 4-тің көлемінде бірнеше рет соғады, қоншықтар дәл сонша рет (1 рет артық 1 реткем) аяқтарымен еденді тебу керек. Қателескен балалар ойыннан шығып, орындарына отырады. Бірде бір рет қателеспеген балалар жеңеді.

2-ші ойын « Санды тап»

Мақсаты: 1-4 цифрлары туралы білімдерді бекіту; сандарды көрнекілік материалға сүйенбестен салыстыру іскерлігін дамыту;

Мұғалім тақта алдына 2 қатысушыны шақырады (басқа балалар өз орындарынан отырып тексереді). Бірінші қатысушы тақтаға арқасын беріп тұрады. екінші қатысушы – «жүргізуші». Ол 4-тің көлемінде бір сан жасырып, оны тақтаға жазады. Тақтаға арқасын беріп тұрған қатысушы жүргізушіге Бұл – 3-тен артық сан ба? Бұл 4-тен кем сан ба? Деген сияқты жетекші сұрақтар қояды. Оның міндеті – санды 2 әрекеттен аспай тауып алу. Егер ол мұны жасай алса, онда ол жүргізуші болады, ал оның орнына басқа қатысушы

шақырылады. Ал санды таба алмаса, онда ойыннан шығып, орнын басқа қатысушыға береді, жүргізуші болып бұрынғы қатысушы қала береді.

Сергіту сәті:

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Заттар жиынтықтарын артық, кем, сонша сөздерін пайдаланып салыстыру.

2-тапсырма. «>», «<»= белгілерімен танысу.

3-тапсырма. Заттар жиынтықтарын «>», «<» белгілерінің көмегімен салыстыру.

4-тапсырма. Екі өлшемді кеңістікте бағдарлау. Зейінді дамыту.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

21 сабақ. 25.01.22ж

Тақырыбы: Қосу «+» белгісі.

Мақсаты: бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру; бөлшектерді бүтінге біріктіру ретіндегі қосумен танысу; «+» белгісімен танысу.

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп, жағдаяттық есептер бар суреттер.

Үлестірмелі материал: фигуралары бар карточкалар, фишкалар.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бүтін мен бөлшек туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру; ойын іс-әректіне уәждеу.

-Біз «Бүтінді ата» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Мұғалім заттың бөлшегін атап, допты балаға лақтырады. Бала ол бөлшекті атап, допты қайта лақтырады.

-желкен-...(желкенді кеме)

-жапырақ-...(ағаш)

-Өкше-...(туфли)

-шатыр-...(үй)

-қабыршақ-...(балық)

Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Мұғалім әуелі бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру бойынша алдынала жұмыс жүргізеді. Жиынтықтарыны бар әртүрлі көрнекілікті тапсырмалардың мысалында бүтін мен бөлшектердің қатынасы анықталады (бөлшектер бүтіннен кіші). Балалар бірнеше бөлшекті бүтін жиынтыққа біріктіруге жаттығады. Сосын мұғалім тақтаға «+» белгісі бар карточканы іліп, балаларды бөлшектерді бір бүтінге біріктіру ретіндегі қосумен таныстырады. Оқып-меңгеретін тақырыпты жақсы ұғыну мұғалім балаларды реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят негізінде қосуға берілген қарапайым есептің үлгісін жасауға үйретеді. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Бүтін жиынтықты тап».

Мақсаты: бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру; бөлшектерді бүтін жиынтыққа біріктіру іскерлігін қалыптастыру; командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Тақтаға фигуралар – бүтін жиынтықтар салынған карточкалар шашыраңқы түрде бекітілген (үлгіге қараңыз). Командалар бойынша жұмыс істеу. Мұғалім әр қатысушыға 2 карточкадан – жиынтықтың бөлшектерін (үлгі қараңыз) береді. Ойынға қатысушылардың міндеті – жиынтық бөлшектерін қосу амалын орындап, оларды тиісті бүтін жиынтықтың жанына бекіту. Қатысушылар бірінен кейін бірі кезекпен ойнайды. Тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындаған команда жеңеді.

Тақтада:



қатысушыларға арналған карточкалар:


1-нұсқа:



2-нұсқа:



3-нұсқа



2-ші ойын. «Кім көп ойлап табады?»

Мақсаты: қосуға берілген есептік жағдаяттың үлгісін көрнекілікті материалға сүйеніп жасау іскерлігін қалыптастыру.

Алмалар (3қызыл және 1 сары алма) салынған суретті көрсетеді және өзінің есептік жағдайы нұсқасын ұсынады. Есептік жағдаятты талқылап, шешекеннен кейін мұғалім балаларға сурет бойынша өз мәтіндерін ойлап табуды ұсынады.

Бекіту үшін ұқсас басқа суреттер көрсетеді. Әрбір дұрыс жауап үшін фишкалар береді. Фишка көп балалар жеңіске жетеді.

Сергіту сәті:

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят. Негізінде қосуға берілген қарапайым есептің үлгісін жасау.

2- тапсырма. Жиынтықтарды қосу. Теңдіктер құру.

3-тапсырма. Бүтін жиынтықтың бөлшектерін табу. Логикалық ойлауды дамыту.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

22 сабақ. 01.02.22ж

Тақырыбы: Азайту «-» белгісі.

Мақсаты: бөлшекті бүтін жиынтықтан шығару ретіндегі азайтумен танысу; «-» белгісімен танысу

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп, есептік жағдаяттары бар суреттер.

Үлестірмелі материал: фигуралары бар карточкалар, фишкалар.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бүтін мен бөлшек туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру; ойын іс-әрекетіне уәждеу;

-Біз «Бөлшектерді ата» дейтін бойжазу өткіземіз.

-Ағаш-...(бұтақ)

-Машина-...(дөңгелек)

-Үстел-...(аяқ)

-Құс-...(тұмсық)

Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру бойынша жұмыс жалғасады. Балалар бүтін жиынтықтан заттардың бөлшектерін шығаруға жаттығады. Сосын мұғалім тақтаға «-» белгісі бар карточканы іледі және балаларды жиынтықтан бөлшекті шығару ретіндегі азайтумен таныстырады. Оқып-меңгеретін тақырыпты жақсы ұғыну үшін мұғалім балаларды реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят негізінде азайтуға берілген қарапайым есептің үлгісін жасауға үйретеді. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Жиынтықтың қалған бөлігін тап»

Мақсаты: бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру; бүтін жиынтықтан бөлшекті шығару іскерлігін қалыптастыру; командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту;

Тақтаға фигуралар- жиынтықтардың қалған бөлшектері салынған карточкалар шашыраңқы түрде бекітілген (үлгіні қараңыз). Командалар бойынша жұмыс істеу. Мұғалім әр қатысушыға 2 карточкадан-бүтін жиынтық пен оның бөлшегін (үлгіні қараңыз) береді. Ойынға қатысушылардың міндеті- бүтін жиынтықтан оның бөлшегін азайту амалын орындап, оларды жиынтықтың тиісті қалған бөлшегінің жанына бекіту. Қатысушылар бірінен кейін бірі кезекпен ойнайды. Тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындаған команда жеңеді.

Сергіту сәті:

IV. Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят негізінде азайтуға берілген қарапайым есептің үлгісін жасау.

2-тапсырма. Жиынтықтарды азайту. Теңдіктер құру.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V. Рефлексия.

23-24 сабақ. 08-15.02.22ж

Тақырыбы: 5 санымен цифры.

Мақсаты: 5 санымен және цифрымен танысу; 5-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп, 1-5 сандары бар карточкалар.

Үлестірме материал: 1-5 сандары бар карточкалар.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді еңгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету; ойын іс-әрекетін уәждеу;

-Біз «Келесі сан» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Мұғалім 1(2 3 4) санынан кейінгі келесі санды атауды сұрайды және допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады. Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Мұғалім тақтаға 1-5 сандар бар карточкаларды іледі; натурал 0-аттарда 5 санының қалай шығатынын (4 санына бірлікті қосу жолымен) және 5 санының 5 бірліктен тұратынын (1,1,1,1 және 1) түсіндіреді; одан әрі балаларды 5 санының жазылуымен таныстырады. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Қатар»

Мақсаты: 1-5 сандарының тура және кері реттілігі туралы білімді қалыптастыру; қимыл-қозғалыс белсенілін дамыту.

Мұғалім 5 баланы шақырып алып, әрқайсысына 1-ден 5-ке дейін сандары бар карточка береді. Балалар сандардың 1-ден 5-ке дейінгі реті (5-тен 1-ге дейін) бойынша қатарға тұрады. Мұғалімнің белгі беру бойынша балалар жан-жаққа қашады, ал мұғалім «Қайтадан шеп құрамыз, орнымызға тұрамыз.» дегенде балалар қайтадан қатар түзеп тұруы керек. Қатарға ең соңынан тұрған бала ойыннан шығып, оның орнына басқа бала таңдап алынады. Карточкалардың қайта таратып, ойынды бірнеше рет қайталайды.

2-ші ойын. «Алақаныңды соқ»

Мақсаты: «ойша» есептік санау дағдыларын дамыту; сандардың теңдіктері мен теңсіздіктерін анықтау іскерлігін қалыптастыру.

Мұғалім мөлшері әртүрлі фигуралар салынған карточкаларды (фигуралар саны 5-тен аспайды) көрсетеді. Балалар алақандарын сонша соғулары керек.

Ойынның күрделендірілген нұсқасы: балалар алақандарын карточкадағы фигуралар санынан 1 рет кем (артық) соғулары керек.

Сергіту сәті:

ІҮ. Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Суреттерді «бес», «сонша» сөздерін пайдаланып сипаттау. 5-тің көлеміндегі есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

2-тапсырма. Заттарды реттік санау. Өзгерістердің белгі бойынша орын алғанын анықтау.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү. Рефлексия.

25 сабақ. 22.02.22 ж

Тақырыбы: 6 санымен цифры.

Мақсаты: 6 санымен және цифрымен танысу; 6-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

Көрнекіліктер:


Мұғалімге көмек: доп, фигуралары бар карточкалар, 1-6 сандары бар карточкалар.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді еңгізі қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету; ойын іс-әрекетін уәждеу.

Тақтаға мынандай фигуралар бар карточкалар бір қатарға ілінген



-Біз «санағанда нешінші?» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Мұғалім сұрақ қойып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп допты қайта лақтырады.

–Үш бұрышты фигура санағанда нешінші?

-бұрыштары жоқ фигура санағанда нешінші?

Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

III.Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Мұғалім тақтаға 1-6 сандары бар карточкаларды іледі. Натурал қатарда 6-санын қалай шығатынын (5 санына бірлікті қосу жолымен) және 6 санының 6 бірліктен тұратыннын түсіндіреді;


Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Жолдың суретін сал»

Мақсаты: 1-ден 6-ға дейінгі сандардың реттілігібілімін қалыптастыру; екі өлшемді кеңістікте бағдарлау және қозғалыс бағытын атау іскерлігін дамыту;

Тақтаға 1-ден 6-ға дейінгі сандардың бірнеше жиынтығын ілген (үлгі қараңыз).

Командылар бойынша жұмыс істеу. Өз жинағындағы барлық сандарды 1-ден 6-ға дейінгі тура ретте жинап алу үшін әрбір команда қозғалысжолын нұсқармен көрсетуі керек. Бұл тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындаған команда жеңеді.



III.Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Суретті «алты», «тең» сөздерін пайдаланып сипаттау. 6-ның көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениктін дамыту.

-Қоншық бар шанада неше суық торғай отыр?

-Басқа шаналардағы суық торғайлар нешеу?

2-тапсырма. Заттарды есептік санау. Зейінді дамыту.

3-тапсырма. Фигураларды түсі бойынша салыстыру. Заттарды реттік санау.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

26 сабақ. 01.03.22ж

Тақырыбы: 7 санымен цифры.

Мақсаты: 7 санымен және цифрымен танысу; 7-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп, 1-7 сандары бар карточкалар.

Үлестірме материал: заттар салынған суреттер, 1-7 сандары бар карточкалар.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету; ойын іс-әрекетін уәждеу;

-Біз «Келесі санды айт» деп аталатын бойжазуды өткіземіз.

Мұғалім 1 (2,3,4,5,6, т.с.с.) санынан кейінгі келесі санды айтуын сұрап, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады.

Бойжазудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Мұғалім тақтаға 1-7 сандары бар карточкаларды іледі. Натурал қатарда 7-санын қалай шығатынын (7 санына бірлікті қосу жолымен) және 7 санының 7бірліктен тұратыннын түсіндіреді;

Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Керек санды тап»

Мақсаты: 7 саны туралы білімдерді және 7 санының жазылуын бекіту; 7-нің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту;

Әрбір балалар жұмыс үстеліне әртүрлі мөлшердегі заттардың суреттері мен 1-ден 7-ге дейінгі сандар жазылған карточкалар (гүлдер, жемістер, жидектер, т.с.с.) үлестіліліп беріледі. Балалардың міндеті-суреттердегі заттарды санап шығуы және керекті сан жазылған карточканы суреттің бетіне қою. Мұны дұрыс және басқалардың тез орындаған балалар жеңеді.

III.Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Суретті «бір», «екі», «үш», «төрт», «бес», «алты», «жеті» сөздерін пайдаланып сипаттау. 7-нің көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

2-тапсырма. Геометриялық фигураларды анықтау және салыстыру.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V.Рефлексия.

27 сабақ. 15.03.22ж

Тақырыбы: 8 санымен цифры.

Мақсаты: 8 санымен және цифрымен танысу; 8-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп, 1-8 сандары бар карточкалар.

Үлестірме материал: санақ таяқшалары.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.


Мұғалім тақтаға 1-8 сандары бар карточкаларды іледі. Натурал қатарда 8-санын қалай шығатынын (8 санына бірлікті қосу жолымен) және 8 санының 8 бірліктен тұратыннын түсіндіреді;

Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1-ші ойын. «Үшбұрыш құрастыр.»

Мақсаты: 8-дің көлемінде есептік санау дағдыларын дамыту; ұсақ қол қимылдарын дамыту; логикалық ойлауды дамыту.

Әрбір балалар жұмыс үстеліне санақ таяқшалары таратылып беріледі. Балалардың міндеті- 5,6,7,8 таяшадан үшбұрыш құрастыру. Осыны дұрыс және басқалардан тез орындаған балалар жеңіске жетеді.



III. Сергіту сәті:

IV. Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Есептік санау. Лабиринтпен жұмыс істеу. Зейінді дамыту;

2-тапсырма. Зейінді және логикалық ойлауды дамыту;

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V. Рефлексия.

28-29сабақ. 29.03.22. 05.04.22ж

Тақырыбы: 9 санымен цифры.

Мақсаты: 9санымен және цифрымен танысу;9-тің көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту;

Көрнекіліктер:

Мұғалімге көмек: доп, 1-9 сандары бар карточкалар.

Үлестірме материал: сандармен геометриялық фигуралар

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген білімдерді тексеру;

-Біз «Нені санай аламыз?» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Сұрақ қойып, доп балаға лақтырады.

- Бөлмеде нені санай аламыз?
- Көшеде нені санай аламыз?зообақта нені санай аламыз? т,б.

III. Жаңа материалды меңгеру.

Тақтаға 1-9 сандары бар карточкаларды іледі; 9 санының қалай шығатынын және 9 санының 9 бірліктен тұратын түсіндіреді; одан әрі балаларды 9 санының жазылуымен таныстарды.ептілікті дамыту үшін балаларға 9 таяқшадан тең 4 үшбұрыш немесе тең 3шаршы жасауды ұсынуға болады.

Материалды бекіту ойын ойнау ұсынылады.

1-ші ойын. «Факс»

Мақсаты: 1-8 цифралары туралы білімдерді бекіту. 9 цифрын жазу білімін қалыптастыру. Топтың жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Әрбір топтарды қатысушылары бір-бірінің артына тұрады. ал топтың басшысы тақтаға қарап, қолына бор ұстап, бірінші тұрады. әр топтың ең соңында тұрған қатысушысына сан жазылған карточка береді. Бұл қатысушылар карточкадағы сан алдында тұрған баланың арқасына саусағымен салады. Хабарламаны алған қатысушылар оны әрі қарай жалғастырады. Басшы хабарды алған соң оны тақтаға бормен салады. Тапсырманы дұрыс және басқалардан жылдам орындаған топты фишка алады. Сандар мен геометриялық

фигуралар кезектесіп берілетін басқа карточкалар бойынша ойын жалғаса береді. Ең көп жинаған топ жеңіске жетеді.

2-ші ойын. «Жұбыңды тап»

Мақсаты: 9-дың көлемінде есептік санау дағдаларын дамыту; Топтың жұмыс істеу іскерлігін дамыту; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.

Балалар 2 топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы қарап тұрады. біріншілеріне 1-ден 9-ға дейін сандар жазылған карточкалар, екіншілеріне әртүрлі мөлшердегі заттар бар карточкалар үлестіріледі. Сандар берілген қатысушылардың міндеті- заттарының мөлшері өзінің санына тең келетін қатысушымен жұп құру (карточкалары «жұп» балалар бір-бірінің қолдарынан ұстайды).карточкаларды қайтадан үлестіре отырып, ойынды бірнеше рет қайталауға болады.

III.Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Суретті «тоғыз», «артық», «кем» сөздерінің көмегімен сипаттау. 9-дың көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениетті дамыту.

2-тапсырма. Есептік санау. Заттардың жиынтықтарын салыстыру.

3-тапсырма. Геометриялық фигураларды анықтау. Бірдей фигуралардан жұптар құру.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V.Рефлексия.

30сабақ. 12.04.22ж

Тақырыбы: 0 саны мен цифры.

Мақсаты: 0 санымен және цифрымен, сандық қатардағы орнымен танысу; 0 санымен қосқанда және азайтқанда есептеу дағдыларын қалыптастыру; ден 5-ке дейін сан жазылған текшелер.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа білімді енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету;

-Біз «Санап шық» деп аталатын бой жазу өткіземіз.

Үстеліне 4 ойыншық қойылған. «Үстелдегі ойыншық нешеу?» бала деген сұрақ қойып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады. Әр жолы бір ойыншықты алып тастап, сұрақты қайталап қояды. Үстелде бір де бір ойыншық қалмай қалғанша осылай жалғасады. Сол кезде тәрбие сабақтың тақырыбын жариялайды.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Тақтадан 0-9 сандары жазылған карточкаларды іледі; балаларды 0 санының сандық қатардағы орнымен және 0 санының жазылуымен таныстырады.

-0 саны бос жиынтықты білдіреді.

Мұнан кейін балалармен бірге барлық цифрларды қайталауға болады. материалды бекіту үшін ойын ойнауды.

1-ші ойын. « Жолбарыстарды үйретуші»

Мақсаты: 0-9 сандарының тура және кері реттілігі білімдерін бекіту; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.

Балаларды шақырып, әрқайсысына 0-ден 9-ға дейін сандар жазылған карточкалар үлестіріп береді. Бөлмеге, балалардың санынан 1-еуі кем, 9 орындық қойылады. Карточкасына 0 саны жазылған бала «үйретуші» болады. қалған 9 бала –«жолбарыстар» болады. олар әзірленген орындықтарға еркін түрде орналасып, отырады. «Үйретуші» шеңбер бойымен жүріп, 1-ден 9-ға дейін сандарды тура кер ретпен атайды. Саны аталған жолбарыс орнынан тұрып, «үйретушінің» соңынан жүреді. «Үйретуші» барлық сандар аталған кезде «Назар аударындар, аңшылар!» дейді, ал барлық қатысушылар, «үйретушімен» қоса, бос орындықтарға отыруға тырысады. Орын алып үлгермеген бала жолбарыстарды үйретуші болады.

2-ші ойын. «Математикалық текшелер»

Мақсаты: 9-дың көлемінде 0 санымен өосқанда және азайтқанда есептеу дағдаларын қалыптастыру.

Қабырғаларына сандар жазылған 2 текшені лақтырады. Егер әртүрлі сандар түссе, онда олар қосылады, егер бірдей сандар түссе-олардың айырмаларын табады. Дұрыс жауап берген бала ойынды жалғастырады.

IV. Дәптермен жұмыс.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

1-тапсырма. Заттарды есептік санау.

- Құндыздар не істеп жатыр? Олардың қайсысы үлкен? Кішісі ше?

2-тапсырма. Реттілік суреттерді сипаттау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

3-тапсырма. Сандарды салыстыру.

Ү.Рефлексия.

31-32 сабақ. 19-26.04.22ж

Тақырыбы: 10 саны.

Мақсаты: 10 санымен танысу; 10-ның көлемінде есептік және реттік санау дағдыларын дамыту.

Көрнекіліктер: доп, 0-10 сандары бар карточкалар, т.б.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: 0-ден 9-ға дейін сандарды реттілігі білімін қайталау; жаңа білімді (10 саны) енгізу қажеттілігін танытатын жағдайды көрсету;

-Біз «Қатесіз сана!» деп аталатын бой жазу өткіземіз.

Балалар шеңбер құрып тұрады. балалардың сандарды тура реттілікпен айтуын сұрап, 0 саны атайды және допты лақтырады. Допты ұстап алған бала келесі санды (1 саны) атайды және допты басқа балаға лақтырады. Есеп 10-ға жеткенде сабақтың тақырыбын жариялайды. Сандық қатарды ұғып алу үшін ойын бірнеше рет жәе тез екпінмен (сандардың тура және кері реттілігімен) жалғасады.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Тақтаға 0-10 сандары бар карточкаларды іледі; 10 санының қалай шығатынын және 10 санының 10 бірліктен тұратынын түсіндіреді.

10 санының алдыңғы сандардан қандай айырмашылықтары бар? Деген тақырыпта пікірталас өткізуге болады.

1-ші ойын. «Тізбек»

Мақсаты: 10-ның көлеміндегі сандар білімін бекіту. Есте сақтауды және зейінде дамыту. Ойында 10-ның көлеміндегі кез келген бір санды атайды. Оның жанында отырған қатысушы аталған екісанды қайталайды және өзінің санын атайды. Барлық қатысушылар осылайша тізбек бойынша ойнап, олардың біреуі сандардың реттілігін ұмытып қалғанша жалғасады, ол кезде ойын басынан қайта бастайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка береді. Фишкасы барлығынан көп ойыншы жеңеді.

2-ші ойын. «Көршілер»

Мақсаты: 10-ның көлемінде реттік санау дағдыларын дамыту; 10-ның көлеміндегі сандар реттілігі білімін бекіту. балаларға 0-ден 10-ға дейін сандар жазылған карточкалар үлестіріп береді. Балалар сандардың реттілігі бойынша бір қатарға тұрып, нөлінші, бірінші, екінші, т.с.с. деп санап шығуға тиіс. Сосын 0-10ға дейін сандарды атайды. Өз карточкасындағы сан аталған санның көршісі болып шыққан балалар қолдарын көтереді.

III.Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. суретті он, сонша деген сөздерді пайдаланып сипаттау. 10-ның көлемінде есептік санау. Сөйлеу мәдениетін дамыту.

2- тапсырма. Реттік санау.

3-тапсырма. Графикалық жұмыс.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

Ү.Рефлексия.

33 сабақ. 03.05.22ж

Тақырыбы: Теңгемен танысу.

Мақсаты: екі кіші саннан тұратын 10 санының құрамымен танысу. 10-ның көлемінде есептеу дағдыларын қалыптастыру; ұлттық валюта теңгемен танысу.

Көрнекіліктер: доп, 10 теңгедеген белгілері бар карточкалар, т.б.

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында 2-9 сандары туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру;

«Екі кіші санды айт деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Санды 2-ден 9-ға дейін айтып, доп балаға лақтырады. Бала айтылған санды құрайтын сандардың жұбын айтып, допты қайта лақтырады. Мыс: 6-бұл 2және 4

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балалар 10 санын екі кіші санға жіктеуді (9 және 1; 8 және 2; 7және 3;) және екі кіші саннан бір үлкен сан алуды үйренеді. Бұл тақырыпты әуелі нақты заттардың мысалында, соысн сандарды пайдалана отырып түсіндіруге кеңес беріледі.

1-ші ойын. «Қақпадан өт»

Мақсаты: 10 санының құрамы туралы білімдері бекіту; қимыл-қозғалыс белсендігін дамыту.

Екі бала қол ұстасып, «қақпаны» бейнелейді. Тақтаға 10 саны ілінген. Қалған балалар 1-ден 9-ға дейін сандар бар карточкалар үлестіріледі, тәрбиешінің үстелінде де дәл осындай карточкалар жайылып қойылады. 9-дың көлеміндегі бір санды атайды. Карточкасында осындай сан бар бала үстелдің үстінен 10 санының құрамы шығуы үшін керекті карточканы тауып алады, сөйтіп қақпанға кіреді.

2-ші ойын. «Дүкенге бару»

Мақсаты: теңге туралы білімдерді бекіту; құны аз монеталардан белгіл бір сома жинап алу іскерлігін қалыптастыру; 10санының құрамы туралы білімдерді бекіту.

Тақтаға кеңс заттардың суреттері ілінген (түстері мен өлшемдері әртүрлі қарындаштар, өшіргіш, резеңке, бетбелгілер, т.с.с.) Әрбір заттың жанында оның бағасы көрсетілген. 10 теңге деп жазылған карточканы іледі. Баалардың міндеті – 10 теңге қандай заттар сатып алға болатынын анықтау. Мыс: бағасы 6 теңге қызыл қарындаш пен 4теңге тұратын бетбелгі. Әрбір дұрыс жауап үшін зат алады. Көп затты сатып алған бала жеңіске жетеді.

III.Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма.10 санының құрамымен жұмыс. Өзара байланысты теңдіктер құру.

2-тапсырма. Заттың бағасын қосу амалының көмегімен анықтау.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

V.Рефлексия.

34сабақ. 10.05.22ж

Тақырыбы:Сағат

Мақсаты: сағатпен танысу; уақытты сағат бойынша анықтау іскерлігін қалыптастыру; 10-ның көлемінде есептеу дағдыларын бекіту.

Көрнекіліктер: доп, сағат белгілері бар карточкалар, адамдардың суреттері..

I.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеру сақсатында бұрын меңшгерген белімдерді тексеру;

«Өлшеуге бола ма?» бойжазу өткізу.

«Ұзындықты (түсті, көлемді, иісті, температураны , уақытты) өлшеуге болма? Деген сұрақ қойып, допты балаға лақтырады. Бала «ия», «жоқ» деген жауап береді.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балаларды сағатпен (механикалық, электронды, құм сағаттары, т.б.), сағат, минут, секунд тілдерімен таныстарды. Балалар уақытта сағат бойынша бір сағатқа дейінгі дәлдікпен анықтауды, сағат үлгілерінде уақытты белгілеп, өоюды үйрету.

1-ші ойын. «Алдымен не болған»

Мақсаты: уақытты сағат бойынша бір сағатқа дейінгі дәлдікпен анықтауды қалыптастыру; оқиғалардың реттілігін анықтап білу іскерлігін дамыту.

Адамдардың тәуліктің әр мезгіліндегі іс-әрекеттерін бейнелейтін суреттер тақтаға ретсіз ілінген. Суреттердің әрқайсысында уақытты көрсететін сағаттар бейнелеген. Мыс:Қыз төсегінен жинап жатыр», сағат 7 ні көрсетіп тұр», «Қыс таңға ас ішуге әзірленуде, сағат 8-де көрсетіп тұр», сурет бойынша балаларға сұрақтар қойып, жауап берген балаға фишка беріліп мадақтап отырады.

2-ші ойын 10-ның көлемінде есептеу дағдыларын бекіту; топпен жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Топ бойынша жұмыс істеу. Ойынға қатысушылардың әрқайсысына түрлі-түсті қатырма қағаздан жасалған бір-бір көбелек үлестіріледі: көк түстілер -І топ. Қызыл түстілер-ІІ топ. Көбелектердің әр қайсысына мысал жазылған. Тақтаға түрлі-түсті қатырма қағаздан қиылған, 0-10-ға дейінгі сандар жазылған гүлдер ілінеді. Белгі беру бойынша әрбір қатысушы өзінің мысалын шығарады және көбелекті керекті сан жазылған гүлдің жанынан бекітеді.Топтың жұмыс аяқтаған кезде ойын аяқталады.

ІІІ.Сергіту сәті:

ІҮ.Дәптермен жұмыс.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

1-ші тапсырма. Уақытты механикалық электронды сағаттар бойынша анықтау.

Сыртылдайды күнімен,

Сыртылдайды түнімен.

Білгің келсе мезгілді,

Көркетеді тілімен. (сағат)

2-ші тапсырма.

Құны аз монеталардан белгілі бір сома жинап алу іскерлігін дамыту. логикалық ойнауды дамыту;

3-ші тапсырма. Сандарды салыстыру.

Ү.Рефлексия.

35-36 сабақ. 17-24.05.22ж

Тақырыбы: 1-10 сандар.

Мақсаты: 10-ның көлеміндегі сандарды тура және кері реттілігі білімдерні бекіту. 10-ның көлемінде сандарды салыстыру іскерлігін қалыптастыру. 10 көлемінде сандарды есептеу дағдыларын дамыту.

Көрнекіліктер: доп, сандар белгілері бар карточкалар.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі білімді тиянақтау.

Мақсаты: жаңа тақырыпты оқып-меңгеруге дайындық мақсатында бұрын меңгерген сандар туралы білімдерді тексеру.

- Біз «Санда айт» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

- Тесік күлшеге ұқсайтын қандай сан?

Аққуға ұқсайтын қандай құс?

Екі ілмекті әріпке ұқсайтын қандай сан?, т.б.

III. Жаңа материалды меңгеру. Ойын іс-әрекеті.

Балалар сандарды көрнекіліктен пайдаланбастан, 10-ның көлемінде салыстыру үйренеді. Балаларға сандарды арттыруға, кемітуге, сондай-ақ сандарды теңестіруге арналған түрлі тапсырмалар беріледі. Есептеу дағдыларын қалыптастыру үшін балаларға өлеңмен жазылған тапсырма ұсынауға болады.

1-ші «Пойыз»

Мақсаты: 10-ның көлемінде сандарды есептеу дағдыларын қалыптастыру; қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту.

Алдын-ала 4 орындық қойылады, оларды әрқайсысында 7,8,9,10 сандары жазылған карточкалар жатады. Балаларды таңдап алып оларға бүктелген түрде билеттер үйлестіріледі. Әр билетте бір –бір мысалдан берілген: $4+3$; $9-1$; $7+3$; т.с.с. белгі беру бойынша балалар билеттерді ашып, мысалдарды шешеді және өз орындарын (сәйкес карточка жатқан орындықты) табады. Орындықтарға отырып үлгермеген балалар ойыннан шығады. Әрі қарай 2 орындық қалдырып, басқа балаларға жаңа билеттер үлестіреді. Ең соңғы қалған бала жеңіске жетеді.

2-ші ойын. «Математикалық безбендер»

Мақсаты: 10-ның көлемінде сандарды салыстыру іскерлігін дамыту. ойынға қатысушылардың әрқайсысына 0-10-ға дейінгі сандар жазылған карточкаларды еркін түрде үлестіріп, балаларды екі топқа бөледі, оларды қатарластырып тұрғызады. Әр жолы бір жұп баладан («р топтан бір бір баладан») ойнайды. Олар өз карточкаларындағы сандарды салыстырады. Саны үлкен болып шыққан екі карточканы да өзіне алады, ал карточкасыз қалған қатысушы ойыннан шығып, орнына отырады. Егер сандар бірдей болса, онда екі ойыншының да карточканы өзіне алады, ал карточкалары өздерінде

қалады. Әрі қарай балалардың келесі жұбы ойынға шығады. Ойыннан соң қатысушылар карточкаларын қайтарып береді, оларды тағы да еркін түрде үлестіріп, балаларды 2 топқа бөледі. Ойын 1 ғана қатысушы қалғанаға дейін жалғасады.

III.Сергіту сәті:

IV.Дәптермен жұмыс.

«Торкөздерге» орындалатын тапсырма. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.

1-тапсырма. Есептік санау. Жиынтықтарды салыстыру.

2-тапсырма. 0-10сандарының реттілігімен жұмыс.

3-тапсырма. 10 санының құрамымен жұмыс.

V.Рефлексия.

